2 - е с е п. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың бүйір қыры табан жазықтығымен β бұрышын жасайды, пирамиданың апофемасы k-ға тең. Пирамиданың биіктігін табу керек.

Ш е ш у і. $PABCD$ берілген пирамида (56-сурет), PO оның биіктігі, PH апофемасы болсын. Есептің шарты бойынша $PH = k$, $\angle PAO = \beta$. $PO = x$ болсын, сонда $AO = x \cdot \mathrm{ctg}\beta$, $OH = AO \cdot \sin 45° = \frac{x \cdot \mathrm{ctg}\beta \cdot \sqrt{2}}{2}$. Пифагор теоремасы бойынша ΔPOH-тан $PO^2 + OH^2 = PH^2$ аламыз. Бұдан $x^2 + \frac{x^2 \cdot \mathrm{ctg}^2\beta}{2} = k^2$ теңдігі шығады, оны түрлендіріп, $x^2(2 + \mathrm{ctg}^2\beta) = 2k^2$, $x = \frac{k\sqrt{2}}{\sqrt{2 + \mathrm{ctg}^2\beta}}$ аламыз.



56-сурет

Ж а у а б ы. $\frac{k\sqrt{2}}{\sqrt{2 + \mathrm{ctg}^2\beta}}$.

3 - е с е п. Үшбұрышты пирамидада табанының қабырғалары 13 м, 14 м және 15 м, пирамиданың барлық бүйір жақтары табан жазықтығымен 45° бұрыш жасайды. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табу керек.

Ш е ш у і. $PABC$ пирамидасында $AB = 13$ м, $AC = 14$ м, $BC = 15$ м, PO – пирамиданың биіктігі, PH, PK, PL кесінділері оның бүйір жақтарының биіктіктері болсын (57-сурет). $\angle OHP = \angle OKP = \angle OLP = 45°$ болғандықтан, O нүктесі ΔABC-ға іштей сызылған шеңбердің центрі болады. Сондықтан берілген пирамиданың бүйір бетінің ауданы: $S_{б.б.} = \frac{S_{\Delta ABC}}{\cos 45°}$. Герон формуласын $S_{\Delta ABC} = \sqrt{p(p-a)(p-b)(p-c)}$ пайдаланып, мұндағы p – ΔABC-ның жарты периметрі, a, b, c – оның қабырғалары, $S_{\Delta ABC} = 84$ м^2 аламыз. Сонда $S_{б.б.} = 84\sqrt{2}$ м^2 болады.



57-сурет

Ж а у а б ы. $84\sqrt{2}$ м^2.

4 - е с е п. Тетраэдрдің табаны – тікбұрышты теңбүйірлі үшбұрыш, оның барлық бүйір жақтары тең шамалы және әр бүйір қыры 1 дм-ге тең. Тетраэдрдің бүйір бетінің ауданын табу керек.

Ш е ш у і. Берілген $DABC$ тетраэдрінде ΔABC – табаны, $AC = BC = a$ дм, $AB = a\sqrt{2}$ дм, $DA = DB = DC = 1$ дм болсын (58-сурет). Сонда AB гипотенузасының ортасы болатын O нүктесі тетраэдрдің DO биіктігінің табаны болады (тең көлбеулер мен олардың проекцияларының қасиеттері бойынша). $S_{\Delta ADB} = S_{\Delta ADC}$, яғни $\frac{1}{2}AB \cdot DO = \frac{1}{2}AC \cdot DH$ болатынын ескере отырып, $a\sqrt{2} \cdot \sqrt{1-\left(\frac{a\sqrt{2}}{2}\right)^2} = a \cdot \sqrt{1-\frac{a^2}{4}}$ теңдеуін аламыз. Осы теңдеудің сол жағы мен оң жағын a-ға бөліп және оларды квадраттап, $\frac{2(4-2a^2)}{4} = \frac{4-a^2}{4}$, $3a^2 = 4$, $a = \frac{2}{\sqrt{3}}$ аламыз. Сонда ізделінді аудан: $3 \cdot S_{\Delta ADC} = 3 \cdot \frac{1}{2} \cdot \frac{2}{\sqrt{3}} \cdot \sqrt{1-\frac{4}{12}} = 3 \cdot \frac{1}{\sqrt{3}} \cdot \sqrt{\frac{2}{3}} = \sqrt{2}$ (дм^2).



58-сурет

Ж а у а б ы. $\sqrt{2}$ дм^2.

СҰРАҚТАР

1. Пирамида дегеніміз не?
2. Қандай пирамиданы дұрыс пирамида деп атайды?
3. Дұрыс пирамиданың апофемасы дегеніміз не?
4. Пирамидалардың қандай қасиеттерін білесіңдер? Оларды тұжырымдаңдар.
5. Пирамиданың толық бетінің ауданы және бүйір бетінің ауданы дегеніміз не?
6. Дұрыс пирамиданың бүйір бетінің ауданын қандай формулалармен табуға болады?

ЖАТТЫҒУЛАР

А деңгейі

63. а) Кез келген пирамиданың қырларының саны неліктен жұп сан болатынын түсіндіріңдер. ә) 15 төбесі бар пирамиданың неше жағы және неше қыры бар? б) 16 қыры бар пирамиданың неше төбесі және неше жағы бар?

64. а) Пирамиданың табаны – параллелограмм. Оның іргелес екі бүйір жағы табан жазықтығына перпендикуляр, ал кіші бүйір қыры 17 см-ге тең. Пирамиданың биіктігін табыңдар.

ә) Пирамиданың табаны – қабырғасы 4 дм-ге тең шаршы. Оның бүйір қырларының бірі табан жазықтығына перпендикуляр, ал оған қарама-қарсы қыры табан жазықтығымен 45° бұрыш жасайды. Пирамиданың биіктігін табыңдар.

65. Дұрыс төртбұрышты *SABCD* пирамидасының әр бүйір қыры 9 см-ге тең. Пирамиданың: а) *S* төбесіндегі жазық бұрышын; ә) бүйір қырының табан жазықтығына көлбеулік бұрышын; б) бүйір жағының табан жазықтығымен жасайтын бұрышының косинусын; в) биіктігін табыңдар.

66. Дұрыс үшбұрышты *DABC* пирамидасының *D* төбесіндегі жазық бұрыштары тік, ал *ABC* табанының қабырғасы 12 см-ге тең. Пирамиданың: а) апофемасын; ә) *BC* қыры мен *DAB* жағының *DM* медианасының арасындағы бұрышты; б) биіктігін табыңдар.

67. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың: а) бүйір бетінің ауданы 48 $см^2$-ге, ал табанының қабырғасы 8 см-ге тең болса, оның бүйір қырын; ә) табанының қабырғасы 10 см-ге және төбесіндегі жазық бұрышы 60°-қа тең болса, оның бүйір бетінің ауданын табыңдар.

68. Дұрыс төртбұрышты пирамида табанының қабырғасы 6 см-ге тең. Егер пирамиданың толық бетінің ауданы 96 $см^2$-ге тең болса, оның биіктігін табыңдар.

69. Дұрыс алтыбұрышты пирамида табанының қабырғасы 10 см-ге, ал апофемасы 8 см-ге тең. Пирамиданың толық бетінің ауданын табыңдар.

70. Пирамиданың 4 м-ге тең биіктігі оның бір бүйір қырымен беттеседі. Егер пирамиданың табаны: а) қабырғасы 3 м-ге тең шаршы; ә) қабырғасы $2\sqrt{3}$ м-ге тең теңқабырғалы үшбұрыш болса, оның толық бетінің ауданын табыңдар.

71. а) Пирамиданың табаны – қабырғалары 12 см және 5 см болатын тіктөртбұрыш, ал пирамида төбесінің табан жазықтығына түскен проекциясы оның диагональдарының қиылысу нүктесі болады. Пирамиданың биіктігі 8 см-ге тең болса, оның толық бетінің ауданын табыңдар.
ә) Дұрыс төртбұрышты пирамида табанының диагоналі 10 см-ге, ал бүйір жағы мен табан жазықтығының арасындағы бұрыш 45°-қа тең. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

72. а) Хеопс пирамидасы дұрыс төртбұрышты пирамида пішіндес. Оның табанының қабырғасы 230 м-ге, ал биіктігі шамамен 137 м-ге тең. Осы пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар (жауабын 100 $м^2$-ге дейін дөңгелектеңдер).

Хеопс пирамидасы, Мысыр

Бейбітшілік және Келісім сарайы, Нұр-Сұлтан қ.

ә) Бейбітшілік және Келісім сарайы дұрыс төртбұрышты пирамида пішіндес. Оның биіктігі мен табанының қабырғасы 62 м-ге тең. Осы пирамиданың бүйір бетінің ауданын 1 $м^2$-ге дейінгі дәлдікпен табыңдар.

73. Дұрыс үшбұрышты пирамида табанының қабырғасы $4\sqrt{3}$ см-ге тең. Егер пирамиданың табан жазықтығы мен: а) бүйір жағының; ә) бүйір қырының арасындағы бұрыш 60°-қа тең болса, оның бүйір бетінің ауданын табыңдар.

74. Пирамиданың табаны – бір бұрышы 45°-қа тең ромб. Пирамиданың бүйір жақтары табан жазықтығына 60° бұрышпен көлбеген. Ромбыға іштей сызылған шеңбердің радиусы $\sqrt{2}$ дм-ге тең болса, пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

75. а) Табанының ауданы $25\sqrt{2}$ $см^2$-ге, ал бүйір бетінің ауданы 50 $см^2$-ге тең дұрыс пирамиданың бүйір жағы мен табан жазықтығы арасындағы екіжақты бұрышты табыңдар.

ә) Табанының қабырғасы $2\sqrt{3}$ дм-ге, ал бүйір жағы мен табан жазықтығының арасындағы бұрышы 30°-қа тең дұрыс төртбұрышты пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

76. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың биіктігі 4 см-ге, ал табанының қабырғасы $2\sqrt{3}$ см-ге тең. Осы пирамида мен табаны осы пирамиданың табанындай, ал 4 см-ге тең биіктігі бүйір қырларының бірімен беттесетін пирамиданың бүйір беттерінің аудандарын салыстырыңдар.

77. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың моделін жасап, оның толық бетінің ауданын табыңдар.

В деңгейі

78. Егер пирамиданың табаны: а) гипотенузасы 10 дм-ге тең тікбұрышты үшбұрыш, ал әр бүйір қыры табан жазықтығымен 60° бұрыш жасайтын болса; ә) қабырғалары 6 см, 6 см, $6\sqrt{3}$ см-ге тең доғалбұрышты үшбұрыш, ал әр бүйір қыры 10 см-ге тең болса, пирамиданың биіктігін кескіндеп, ұзындығын табыңдар.

79. Пирамиданың табаны – қабырғалары 10 м, 10 м, 12 м болатын үшбұрыш. Пирамиданың бүйір жақтары табан жазықтығымен 45° бұрыш жасайды. Пирамиданың биіктігін табыңдар.

80. Табаны: а) тікбұрышты үшбұрыш, ал екі бүйір жағы табанына перпендикуляр болатын; ә) тіктөртбұрыш, ал биіктігінің табаны оған сырттай сызылған шеңбердің центрі болатын пирамиданың моделін жасаңдар.

81. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың толық бетінің ауданы $112\sqrt{3}$ см^2-ге, ал бүйір бетінің ауданы $96\sqrt{3}$ см^2-ге тең. Осы пирамиданың биіктігін 0,1 см-ге дейінгі дәлдікпен табыңдар.

82. Тікбұрышты $ABCDA_1B_1C_1D_1$ параллелепипеді берілген, оның $AB = 3$ м, $BC = 6$ м, $BB_1 = 12$ м. B_1ABC пирамидасының толық бетінің ауданын табыңдар.

83. Қыры 1 дм-ге тең $ABCDA_1B_1C_1D_1$ ағаш кубын A_1ABCD, $A_1BCC_1B_1$, $A_1DCC_1D_1$ пирамидаларына бөлген (59-сурет). Осы пирамидалардың неліктен тең болатынын түсіндіріңдер және олардың толық беттерінің аудандарын табыңдар.



59-сурет

84. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың диагональдық қимасы: а) ауданы 32 см^2-ге тең тікбұрышты үшбұрыш; ә) ауданы $2\sqrt{3}$ дм^2-ге тең дұрыс үшбұрыш болса, оның бүйір бетінің ауданын табыңдар.

85. а) $PABC$ пирамидасының табаны – ΔABC және $AB = 21$ см, $BC = 8$ см, $AC = 15$ см. Егер $PA \perp (ABC)$, $PA = 3{,}5\sqrt{5}$ см болса, пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

ә) $PABC$ пирамидасының биіктігі $PA = 5$ дм. $AB = 13$ дм, $BC = 14$ дм, $AC = 15$ дм болса, пирамиданың толық бетінің ауданын табыңдар.

86. Шатыр $PABCD$ пирамидасы пішінді, оның табаны – $ABCD$ тіктөртбұрышы, әрі $AB = 2$ м, $BC = 2{,}5$ м. Оның 2 м-ге тең PB қыры табанына перпендикуляр. Осы шатырды жасауға неше м^2 брезент жұмсалғанын, оның тігісіне бүйір беті ауданының 2 %-дай материал кететінін ескере отырып, 0,1 м^2-ге дейінгі дәлдікпен табыңдар.

С деңгейі



60-сурет

87. Үшбұрышты $PABC$ пирамидасының PC қыры – оның биіктігі, $AC = 17$ см, $BC = m$ см, PBC бұрышы PAC бұрышынан екі есе артық (60-сурет). Пирамиданың биіктігін және m-нің барлық мүмкін мәндерін табыңдар.

88. Пирамиданың табаны – қабырғасы a-ға, сүйір бұрышы β-ға тең ромб. Пирамиданың екі бүйір жағы табанына перпендикуляр, ал олардың арасындағы бұрыш β-ға тең, басқа екі бүйір жағының бірі табан жазықтығымен φ бұрышын жасайды (61-сурет). Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.



61-сурет



62-сурет

89. Дұрыс төртбұрышты $SABCD$ пирамидасының табан қабырғасы c-ға тең, ал бүйір жағы табан жазықтығына α бұрышпен көлбеген. Табан қабырғасы арқылы онымен β ($\beta < \alpha$) бұрышын жасайтын жазықтық жүргізілген. Пирамиданың осы жазықтықпен қимасының ауданын табыңдар (62-сурет).

4. Қиық пирамида. Қиық пирамида бетінің ауданы

Тақырыпты оқу барысында:

• қиық пирамиданың, оның элементтерінің анықтамаларын; пирамиданың түрлерін білетін боласыңдар;

• қиық пирамидалардың жазбаларын саласыңдар;

• қиық пирамида элементтерін табуға есептер шығарасыңдар;

• әртүрлі қиық пирамидалардың беттері аудандарының формулаларын білетін боласыңдар;

• осы формулаларды қорытып шығарасыңдар және оларды есептер шығаруда қолданасыңдар.

***n*-бұрышты қиық пирамида деп *n*-бұрышты пирамиданың табаны мен табан жазықтығына параллель қима жазықтықтың арасындағы көпжақ аталады.**

Мысалы, 63-суреттегі $A_1A_2...A_nB_1B_2...B_n$ көпжағы – қиық пирамида. $A_1A_2...A_n$ және $B_1B_2...B_n$ көпбұрыштары қиық пирамиданың **табандары** деп, $A_1B_1B_2A_2$, $A_2B_2B_3A_3$, ... $A_nB_nB_1A_1$ трапециялары *бүйір жақтары* деп аталады. Ұштары қиық пирамиданың табандарына тиісті және оларға перпендикуляр кесінді де, осы кесіндінің ұзындығы да қиық пирамиданың **биіктігі** деп аталады. Қиық пирамиданың бүйір қыры мен табанының диагоналін қамтитын қима оның **диагональдық қимасы** деп аталады.



63-сурет

Дұрыс пирамиданың табаны мен табан жазықтығына параллель қима жазықтықтың арасындағы көпжақ **дұрыс қиық пирамида** деп аталады. Дұрыс қиық пирамиданың барлық бүйір жақтары бірдей теңбүйірлі трапециялар болады, осы трапециялардың биіктіктері дұрыс қиық пирамиданың **апофемалары** деп аталады. Мысалы, 64-суретте дұрыс үшбұрышты қиық пирамида кескінделген, оның табан қабырғалары – a мен b, апофемасы – l.



64-сурет

Қиық пирамида салу үшін толық пирамиданың қырынан бір нүкте алып, басқа қырларын табан қабырғасына параллель кесінділермен қию керек. Сонда шыққан қима – көпбұрыш жалғыз болады, ол толық пирамидадан қиық пирамида қияды, себебі толық пирамиданың қимасы табанына параллель және оған ұқсас көпбұрыш болады.

Екі жағы параллель жазықтықтарда жататын, ал басқа жақтары трапеция болатын көпжақтардың бәрі бірдей қиық пирамида бола бермейді. Мысалы, 65-суретте *MNABCD* көпжағынан қиылған $ABCDA_1B_1C_1D_1$ көпжағы кескінделген.



65-сурет

Қиық пирамиданың барлық жақтарының аудандарының қосындысы *толық бетінің ауданы* деп, ал оның барлық бүйір жақтарының аудандарының қосындысы *бүйір бетінің ауданы* деп аталады. Пирамиданың толық бетінің $S_{т.б.}$ ауданы оның бүйір бетінің $S_{б.б.}$ ауданы мен табандарының S_1 және S_2 аудандары арқылы былай өрнектеледі: $\boldsymbol{S_{т.б.} = S_{б.б.} + S_1 + S_2}$.

Теорема. **Дұрыс қиық пирамиданың бүйір бетінің ауданы оның табандары периметрлерінің қосындысының жартысын апофемаға көбейткенге тең:**

$$\boldsymbol{S_{б.б.} = \frac{P_1 + P_2}{2} \cdot l.}$$

Дәлелдеуін өздігінен орындаңдар.

1 - е с е п. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамида табандарының аудандары S_1 және S_2 ($S_1 > S_2$), ал бүйір қыры табан жазықтығымен 45° бұрыш жасайды. Пирамиданың диагональдық қимасының ауданын табу керек.



66-сурет

Ш е ш у і. Дұрыс төртбұрышты $ABCDA_1B_1C_1D_1$ қиық пирамидасы берілген болсын (66-сурет). Ізделінді аудан теңбүйірлі AA_1C_1C трапециясының ауданына тең.

$$S_{AA_1C_1C} = \frac{AC + A_1C_1}{2} \cdot h = \frac{AC + A_1C_1}{2} \cdot \frac{AC - A_1C_1}{2} = \frac{1}{2}\left(\frac{AC^2}{2} - \frac{A_1C_1^2}{2}\right) = \frac{1}{2}(S_1 - S_2).$$

Ж а у а б ы. $0{,}5(S_1 - S_2)$.

2 - е с е п. Қиық пирамиданың табандары – дұрыс үшбұрыштар. Төменгі табанының қабырғасы 2 м-ге, бүйір қырларының бірі 1,5 м-ге тең,

ал жоғарғы табанының қабырғасы мен қалған бүйір қырларының әрқайсысы 1 м-ден. Үлкен бүйір қырына қарсы жатқан табан қабырғасындағы екіжақты бұрышты табу және осы қиық пирамида алынған толық пирамиданың биіктігін кескіндеу керек.

Ш е ш у і. $ABCA_1B_1C_1$ қиық пирамидасында $AB = BC = AC = 2$ м, $AA_1 = 1{,}5$ м, $A_1B_1 = A_1C_1 = B_1C_1 = BB_1 = CC_1 = 1$ м болсын. Оны $PABC$ пирамидасына дейін толықтырып салайық (67-сурет).



67-сурет

Есептің шарты бойынша $\Delta PBC \sim \Delta PB_1C_1$ және $\Delta PAC \sim \Delta PA_1C_1$, ұқсастық коэффициенті 2-ге тең, демек, $PB_1 = PC_1 = 1$ м, $PA_1 = 1{,}5$ м.

Ендеше, $\Delta PBC = \Delta ABC$ және олардың биіктіктері: $PM = AM = \sqrt{3}$ м.

ΔAPM-нен: $\cos\angle PMA = \dfrac{(\sqrt{3})^2+(\sqrt{3})^2-3^2}{2\cdot\sqrt{3}\cdot\sqrt{3}} = -\dfrac{1}{2}$. Демек, $\angle PMA = 120°$, ал пирамиданың PH биіктігінің H табаны AM медианасының созындысында жатыр.

Ж а у а б ы. 120°.

3 - е с е п. Табандарының қабырғалары 12 м және 6 м, ал биіктігі 1 м болатын дұрыс үшбұрышты қиық пирамиданың бүйір бетінің ауданын табу керек.

Ш е ш у і. $ABCA_1B_1C_1$ дұрыс қиық пирамидасында $AB = 12$ м, $A_1B_1 = 6$ м, биіктігі $N_1H = 1$ м және N_1N апофемасы болсын (68-сурет). Ізделінді ауданды $S_{б.б.} = \dfrac{3\cdot AB + 3\cdot A_1B_1}{2}\cdot N_1N$ формуласын пайдаланып табайық.



68-сурет

N_1N апофемасын тікбұрышты N_1HN үшбұрышынан табамыз:

$HN = ON - O_1N_1 = \dfrac{12\sqrt{3}}{6} - \dfrac{6\sqrt{3}}{6} = \sqrt{3}$ (м), сонда $N_1N = \sqrt{1^2+(\sqrt{3})^2} = 2$ (м).

$S_{б.б.} = \dfrac{1}{2}\cdot(36+18)\cdot 2 = 54$ (м^2).

Ж а у а б ы. 54 м^2.

СҰРАҚТАР

1. Қиық пирамида дегеніміз не?
2. Қандай қиық пирамида дұрыс қиық пирамида деп аталады?
3. Дұрыс қиық пирамиданың апофемасы дегеніміз не?
4. Қиық пирамиданың толық бетінің ауданы және бүйір бетінің ауданы дегеніміз не?
5. Дұрыс қиық пирамиданың бүйір бетінің ауданын қандай формуламен табуға болады?

ЖАТТЫҒУЛАР

А деңгейі



69-сурет

90. 69-суретте кескінделген көпжақ неге қиық пирамида болмайтынын түсіндіріңдер.

91. а) Кез келген n-бұрышты қиық пирамиданың қырларының саны $3n$-ге бөлінеді деген ақиқат па?

ә) Қиық пирамиданың биіктігі оның бүйір қырларының біріне тең болуы мүмкін бе?

б) Қиық пирамиданың табандары шаршы емес, ромб болса, онда оның бүйір қырлары тең болуы мүмкін бе?

92. а) Табандарының аудандарының қатынасы 1 : 4 болатын үшбұрышты қиық пирамида салыңдар. ә) Пирамиданың PO биіктігінің M нүктесі арқылы табанына параллель, ауданы табанының ауданынан екі есе кем болатын қима жүргізілген. M нүктесі PO биіктігін қандай қатынаста бөледі?

93. Егер қиық пирамиданың табандары тіктөртбұрыштар және оның бүйір қырларының бірі табан жазықтығына перпендикуляр болса, онда оның барлық бүйір жақтары тікбұрышты трапециялар болады деген ақиқат па? Жауабын түсіндіріңдер.

94. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың табан қабырғалары 8 см және 4 см, ал бүйір қыры мен табан жазықтығының арасындағы бұрыш 45°-қа тең. Қиық пирамиданың: а) биіктігін; ә) диагональдық қимасының ауданын табыңдар.

95. Дұрыс үшбұрышты қиық пирамида табандарының қабырғалары 8 см және 16 см, ал бүйір жағы табан жазықтығына 60° бұрыш жасап көлбеген. Қиық пирамиданың биіктігін табыңдар.

96. Дұрыс алтыбұрышты қиық пирамиданың табандарының қабырғалары 5 см және 11 см, ал оның биіктігі 13 см. Қиық пирамиданың апофемасын табыңдар.

97. Дұрыс қиық пирамиданың табандарының қабырғалары 4 см және 6 см-ге, ал апофемасы $2\sqrt{3}$ см-ге тең. Егер осы қиық пирамиданың табандары: а) төртбұрыштар; ә) үшбұрыштар болса, оның толық бетінің ауданын табыңдар.

98. Табандарының қабырғалары 8 см және 6 см болатын: а) төртбұрышты және биіктігі 7 см-ге тең; ә) алтыбұрышты және биіктігі $2\sqrt{6}$ см-ге тең дұрыс қиық пирамиданың толық бетінің ауданын табыңдар.

99. Табандарының қабырғалары 12 см және 18 см болатын: а) үшбұрышты және биіктігі $3\sqrt{21}$ см-ге тең; ә) төртбұрышты және бүйір жағындағы трапецияның бұрышы 60°-қа тең дұрыс қиық пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

100. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың табандарының қабырғалары 15 дм-ге және 5 дм-ге, ал диагональдық қимасының ауданы $40\sqrt{3}$ дм^2-ге тең. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

101. а) Дұрыс үшбұрышты қиық пирамиданың табандарының қабырғалары $4\sqrt{3}$ см-ге және $10\sqrt{3}$ см-ге тең. Оның табанының қырындағы екіжақты сүйір бұрышы 60°-қа тең болса, бүйір бетінің ауданын табыңдар.
ә) Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың табандарының диагональдары 12 см-ге және 4 см-ге, ал төменгі табанының қырындағы екіжақты бұрышы 45°-қа тең. Осы қиық пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

102. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың табандарының қабырғалары және биіктігі $10:4:4$ қатынасындай, ал оның бүйір бетінің ауданы 280 см^2-ге тең. Осы пирамиданың табандарының аудандарын табыңдар.

103. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың табанының ауданы $16\sqrt{3}$ см^2, ал апофемасы 10 см. Пирамида биіктігінің ортасы арқылы табанына параллель қима салынған. Пайда болған қиық пирамиданың толық бетінің ауданын табыңдар.

104. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың апофемасы 5 см-ге, ал бүйір жағының орта сызығы 9 см-ге тең. Төменгі табан қырындағы екіжақты бұрыштың синусы $\frac{4}{5}$-ке тең. Қиық пирамиданың толық бетінің ауданын табыңдар.

105. Дұрыс үшбұрышты $ABCA_1B_1C_1$ призмасының табан қабырғасы 4 дм-ге, ал бүйір қыры 3 дм-ге тең. M және N нүктелері, сәйкесінше, A_1B_1 және B_1C_1 кесінділерінің орталары. $ABCMB_1N$ көпжағы қиық пирамида болатынын анықтап, оның бүйір бетінің ауданын табыңдар.

106. а) Ұзындығы 9 см-ге тең B_1B кесіндісі – үшбұрышты қиық $ABCA_1B_1C_1$ пирамидасының биіктігі. Төменгі табанының қабырғалары $AB = BC = 10$ см, $AC = 12$ см. Қиық пирамиданың жоғарғы және төменгі табандары аудандарының қатынасы $\frac{4}{25}$-ке тең. Қиық пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар. ә) а) есебінде берілген қиық пирамиданың моделін жасаңдар. 70-суретте осы қиық пирамиданың кішірейтілген жазбасы желімдеуге арналған қақпақшаларымен көрсетілген.



70-сурет

В деңгейі

107. Пирамида табанының ауданы 512 см^2-ге, ал биіктігі 16 см-ге тең. Ауданы 50 см^2-ге тең және пирамиданың табанына параллель қима одан қандай қашықтықта болатынын табыңдар.

108. Дұрыс үшбұрышты қиық пирамида табандарының қабырғалары 1 : 2 қатынасындай, ал оның биіктігі 6 см-ге тең. Пирамиданың бүйір жағы мен табан жазықтығының арасындағы бұрыш 45°-қа тең болса, оның табандарының аудандарын табыңдар.

109. Үшбұрышты қиық пирамиданың екі бүйір жағы – сүйір бұрышы 45°-қа тең және кіші бүйір қабырғасы ортақ болатын өзара тең тікбұрышты трапециялар. Осы жақтардың арасындағы екіжақты бұрышы 120°-қа тең. Пирамиданың үшінші бүйір жағының табан жазықтығына көлбеулік бұрышының тангенсін табыңдар.

«Алтынемел» ұлттық саябағындағы Айғайқұм, Алматы облысы

110. Шағылдардың бірінің пішіні дұрыс үшбұрышты қиық пирамида тәріздес, оның табандарының қабырғалары 50 м және 2 м, ал бүйір жағының ауданы 988 м^2. Шағылдың биіктігін 1 м-ге дейінгі дәлдікпен табыңдар.

111. Үшбұрышты қиық пирамиданың бүйір қырларындағы екіжақты бұрыштары тең болса, онда оның бүйір бетінің ауданы табандарының периметрлері қосындысының жартысы мен кез келген бүйір жағы биіктігінің көбейтіндісіне тең деген ақиқат па?

112. Үшбұрышты пирамида төбесінің ортогональ проекциясы – қабырғалары 20 см, 16 см және 12 см болатын табанына іштей сызылған шеңбердің центрі. Пирамиданың табанына параллель жазықтықпен қимасы одан табандарының қатынасы $9:16$ болатын қиық пирамида бөлді. Егер сол қиық пирамиданың биіктігі $4\sqrt{3}$ см-ге тең болса, оның бүйір бетінің ауданын табыңдар.

113. Дұрыс алтыбұрышты қиық пирамиданың әр бүйір қыры $\sqrt{2}$ дм-ге тең және төменгі табанымен 45° бұрыш жасайды. Егер қиық пирамида табандары аудандарының қатынасы 4-ке тең болса, оның бүйір бетінің ауданы қандай болғаны?

114. Дұрыс үшбұрышты қиық пирамиданың табан қабырғаларының қатынасы $1:2$, биіктігі $2\sqrt{3}$ см-ге тең, ал бүйір қыры табан жазықтығына 45° бұрышпен көлбеген. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

115. Үшбұрышты қиық пирамиданың бүйір жақтары – әрқайсысының табандарының қосындысы 12 см-ге тең болатын теңбүйірлі трапециялар. Әрбір трапецияның биіктігі 4 см-ге тең, ал олардың бүйір қабырғаларын қамтитын түзулер тік бұрыш жасап қиылысады. Осы қиық пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

С деңгейі

116. Қиық пирамиданың табаны – трапеция, оның параллель қабырғалары b және $2b$-ға, ал сүйір бұрыштарының бірі 60°-қа тең. Қиық пирамиданың биіктігі $0{,}25b$-ға тең, ал оның бүйір қырлары табан жазықтығына тең бұрышпен көлбеген. Егер пирамиданың табандары аудандарының қатынасы 1 : 4 болса, оның бүйір бетінің ауданын табыңдар.

117. Үшбұрышты $ABCA_1B_1C_1$ қиық пирамида табанының әрбір қабырғасы 1 дм-ге тең, ал осы қабырғалардағы екіжақты бұрыштарының қатынасы 1 : 2 : 2. Егер толық $PABC$ пирамидасының биіктігінің табанынан BC қабырғасына дейінгі қашықтық $\frac{\sqrt{3}}{3}$ дм-ге тең болса, осы екіжақты бұрыштардың ең кішісін 1°-қа дейінгі дәлдікпен табыңдар (71-сурет).



71-сурет

118. а) Төртбұрышты қиық пирамиданың табанына іштей шеңбер сызуға болатыны белгілі, ал оның әр бүйір жағы табанына 75° бұрышпен көлбеген. Қиық пирамиданың биіктігі h, ал төменгі және жоғарғы табандарының сыбайлас екі қабырғасының қосындысы p және q-ға тең болса, оның бүйір бетінің ауданын табыңдар.

ә) Төртбұрышты қиық пирамиданың табандары – ромбылар, олардың кіші диагональдары m және n-ге, ал сүйір бұрыштары 45°-қа тең. Қиық пирамиданың әр бүйір жағы төменгі табанына 60° бұрышпен көлбеген болса, оның толық бетінің ауданын табыңдар.

5. Көпжақты бұрыш және оның қасиеттері

Тақырыпты оқу барысында:

• көпжақты бұрыштың анықтамасын және оның қасиеттерін білетін боласыңдар;

• оларды есептер шығаруда қолданасыңдар.

$PA_1A_2A_3$ **үшжақты бұрышы** деп бір жазықтықта жатпайтын A_1PA_2, A_2PA_3, A_3PA_1 бұрыштарынан және кеңістіктің олармен шектелген бөлігінен тұратын фигура аталады (72, *а*-сурет). $PA_1A_2 \dots A_n$ көпжақты бұрышының ұғымы да дәл осылай анықталады (72, *ә*-сурет). A_1PA_2, A_2PA_3, … A_nPA_1 жазық бұрыштары көпжақты бұрыштың *жақтары* деп, олардың ортақ P төбесі көпжақты бұрыштың *төбесі* деп, ал PA_1, PA_2, … PA_n сәулелері $PA_1A_2 \dots A_n$ көпжақты бұрышының *қырлары* деп аталады.



72-сурет

Көпжақты бұрыштар көпжақтар сияқты дөңес (72, *а*, *ә*-суреттер) және дөңес емес (72, *б*-сурет) болуы мүмкін. Кез келген үшжақты бұрыш дөңес болады.

Көпжақтың кез келген төбесіндегі барлық жазық бұрыштарының әрбір жиыны кеңістіктің олармен шектелген бөлігімен бірге көпжақты бұрыш құрайды.

Т е о р е м а. **Үшжақты бұрышта екі жазық бұрышының қосындысы үшінші жазық бұрышынан артық.**

Д ә л е л д е у і. $PA_1A_2A_3$ үшжақты бұрышы берілген болсын. Егер P төбесіндегі барлық жазық бұрыштары тең болса, онда тұжырым ақиқат.

$\angle A_1PA_3 > \angle A_2PA_3 \geq \angle A_1PA_2$ болсын. A_1PA_3 жағының жазықтығына A_2PA_3 бұрышына тең A_3PF бұрышын саламыз (73-сурет). PA_2 мен PF сәулелеріне PC мен PF тең кесінділерін саламыз.



73-сурет

Берілген үшжақты бұрыштың BD қабырғасында F нүктесі жататын қимасын – ΔBCD-ны саламыз.

ΔBCD-да: $BD < BC + CD$. $FD = CD$ болғандықтан, $BD - FD < BC + CD - CD$, $BF < BC$. BPF және BPC үшбұрыштарында екі тең қабырғадан бар, демек, олардың үлкен қабырғасына қарсы үлкен бұрышы жатыр: $\angle BPC > \angle BPF$.

$\angle CPD = \angle FPD$ болғандықтан, $\angle BPC + \angle CPD > \angle FPD + \angle BPF$. Демек, $\angle BPC + \angle CPD > \angle BPD$. Теорема дәлелденді.

Бұл теоремадан, *үшбұрышты пирамиданың кез келген төбесіндегі екі жазық бұрышының қосындысы осы төбедегі үшінші жазық бұрышынан артық болатыны шығады*.



74-сурет

Т е о р е м а. **Дөңес көпжақты бұрыштың барлық жазық бұрыштарының қосындысы 360°-тан кем.**

Д ә л е л д е у і. Төбесі P болатын көпжақты бұрыштың әр қырын қиып өтетін $A_1A_2A_3 \ldots A_n$ жазықтығы одан $PA_1A_2A_3 \ldots A_n$ пирамидасын бөледі (74-сурет). Әрі қарай теореманы дәлелдеу үшін, төбелері $A_1, A_2, A_3, \ldots A_n$ болатын жазық бұрыштарға алдыңғы теореманы бірнеше қайтара қолдануға тура келеді.

$$(+)\begin{cases} \angle A_nA_1A_2 < \angle PA_1A_n + \angle PA_1A_2 \ (A_1 \textit{ төбесінде}); \\ \angle A_1A_2A_3 < \angle PA_2A_1 + \angle PA_2A_3 \ (A_2 \textit{ төбесінде}); \\ \angle A_2A_3A_4 < \angle PA_3A_2 + \angle PA_3A_4 \ (A_3 \textit{ төбесінде}); \\ \ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots \\ \angle A_{n-1}A_nA_1 < \angle PA_nA_{n-1} + \angle PA_nA_1 \ (A_n \textit{ төбесінде}). \end{cases}$$

P төбесіндегі барлық жазық бұрыштардың қосындысын x деп белгілейік, сонда $x = \angle A_nPA_1 + \angle A_1PA_2 + \angle A_2PA_3 + \ldots + \angle A_{n-1}PA_n$ болады. Барлық теңсіздіктердің сол және оң жақтарын қосып және шыққан теңсіздіктің екі жағына x-ті қосып, мынаны аламыз: $180° \cdot (n - 2) + x < 180° \cdot n$, бұдан $x < 360°$ шығады. Теорема дәлелденді.

Осы теоремадан *дөңес көпжақтың әрбір төбесіндегі барлық жазық бұрыштарының қосындысы 360°-тан кем* болатыны шығады.

Бұл теореманың қарапайым көрнекі түсіндірмесі бар. Егер қалың қағаздан n-бұрышты пирамида жасау керек болса, онда пирамиданың төбесіндегі жазық бұрыштардың қосындысы 360°-тан кем болуы керек. Егер оның төбесіндегі жазық бұрыштардың қосындысы 360°-қа тең болса, онда олар пирамиданың сыбайлас жақтары жататын жазықтық құрар еді. Ал бұл мүмкін емес.

1 - е с е п. $PABC$ үшжақты бұрышының әрбір жазық бұрышы 45°-қа тең. PA қырындағы екіжақты бұрышты табу керек.

Ш е ш у і. P төбесінен берілген үшжақты бұрыштың қырларына $PM = PN = PK = a$ тең кесінділерін саламыз (75-сурет). Сонда $PMKN$ тетраэдрі – MKN табаны болатын дұрыс үшбұрышты пирамида. Осы пирамиданың PM қырындағы екіжақты бұрыш $PABC$ үшжақты бұрышының PA қырындағы екіжақты бұрышы болады. Ізделінді $\angle NEK = x$ болсын. Тікбұрышты NEP және KEP үшбұрыштарынан: $NE = KE = \dfrac{a\sqrt{2}}{2}$ аламыз. ΔNPK-да



75-сурет

$KN^2 = a^2 + a^2 - 2a^2 \cdot \dfrac{\sqrt{2}}{2} = a^2(2 - \sqrt{2})$. ΔNEK-дан $\cos x = \dfrac{KE^2 + NE^2 - KN^2}{2KE \cdot EN} =$
$= \dfrac{a^2 - a^2(2 - \sqrt{2})}{a^2} = \sqrt{2} - 1$ аламыз. Бұдан $x = \arccos(\sqrt{2} - 1)$.

Ж а у а б ы. $\arccos(\sqrt{2} - 1)$.

2 - е с е п. Үшжақты бұрыштың екіжақты бұрыштарының қосындысы 180°-тан артық болатынын дәлелдеу керек.

Д ә л е л д е у і. $OABC$ үшжақты бұрышы берілген болсын. OA, OB, OC қырларындағы екіжақты бұрыштарын, сәйкесінше, α, β, γ деп белгілейік.

$\alpha + \beta + \gamma > 180°$ болатынын дәлелдейік. Ол үшін берілген үшжақты бұрыштың ішкі облысына тиісті кез келген P нүктесін алып, оның жақтарына PM, PN және PK перпендикулярларын жүргіземіз (76-сурет). Сонда MPN, MPK және KPN бұрыштары $PMNK$ үшжақты бұрышының жазық бұрыштары болады. $\alpha = 180° - \angle MPN$, $\beta = 180° - \angle MPK$, $\gamma = 180° - \angle NPK$ болғандықтан, $\alpha + \beta + \gamma = 540° - (\angle MPN + \angle MPK + \angle NPK)$. $PMNK$ үшжақты бұрышының жазық бұрыштарының қосындысы 360°-тан кем болғандықтан, $\alpha + \beta + \gamma > 180°$ болады. Дәлелденді.



76-сурет

СҰРАҚТАР

1. Үшжақты бұрыш дегеніміз не?
2. Дөңес төртжақты бұрышты кескіндеңдер.
3. а) Үшжақты бұрыштың; ә) дөңес көпжақты бұрыштың жазық бұрыштарының қасиетін тұжырымдаңдар.

ЖАТТЫҒУЛАР

А деңгейі

119. Алтыбұрышты пирамида берілген.

а) Оның төбелерінде қанша көпжақты бұрыш бар?

ә) Оның төбелерінде: 1) үшжақты; 2) төртжақты; 3) алтыжақты бұрыш бар ма, бар болса, олар нешеу?

120. Жазық бұрыштары: а) 130°, 85°, 36°; ә) 100°, 70°, 40°; б) 160°, 130°, 80°; в) 82°, 56°, 26°; г) 150°, 120°, 90° болатын үшжақты бұрыш бола ма?

121. а) $\alpha = \beta + \gamma$; ә) $\alpha > \beta + \gamma$; б) $\alpha < \beta + \gamma$; в) $\alpha + \beta + \gamma = 180°$ және $\alpha < \beta + \gamma$ болса, мұндағы α – бұрыштардың ең үлкені, жазық бұрыштары α, β, γ болатын үшжақты бұрыш бар ма?

122. Үшжақты бұрыштың қырларындағы екіжақты бұрыштары φ, δ, ω-ға тең. Ақиқат тұжырымды таңдаңдар:

а) $\varphi + \delta + \omega = 180°$; ә) $\varphi + \delta + \omega > 180°$; б) $\varphi + \delta + \omega < 360°$.

123. Төртжақты бұрыштың кез келген жазық бұрышы қалған барлық жазық бұрыштарының қосындысынан кем болатынын дәлелдеңдер.

124. $PABC$ үшжақты бұрышының PC қырындағы екіжақты бұрышы тік, PB қырындағы екіжақты бұрышы 45°-қа, ал APB жазық бұрышы 60°-қа тең (77-сурет). Басқа екі жазық бұрышын табыңдар.



77-сурет



78-сурет

125. $PABC$ үшжақты бұрышы берілген, оның APB мен APC жазық бұрыштары тең. 78-суретті пайдаланып, PB мен PC қырларындағы екіжақты бұрыштары тең болатынын дәлелдеңдер.

126. а) $PABC$ үшжақты бұрышының барлық жазық бұрыштары $60°$-қа тең. Оның PB мен PC қырларындағы екіжақты бұрыштарды табыңдар.
ә) $PABC$ үшжақты бұрышының PB мен PC қырларындағы екіжақты бұрыштары $60°$-тан, ал CPB жазық бұрышы $120°$-қа тең. Оның басқа екі жазық бұрышын табыңдар.

127. $PABCD$ төртжақты бұрышының әрбір жазық бұрышы $60°$-қа тең. APC мен BPD бұрыштары тең болса, APC бұрышын табыңдар.

128. $DABC$ пирамидасының A төбесіндегі барлық жазық бұрыштары тік. $DA = 12$ см, $DB = 20$ см, $DC = 15$ см болса, осы пирамиданың толық бетінің ауданын табыңдар.

B деңгейі

129. $SABC$ үшбұрышты пирамидасында $\angle ASB = \angle CSB = 90°$, $\angle ASC = 120°$, $AS = 4$ дм, $SB = 3$ дм, $SC = 2$ дм. ΔABC-ның ауданын табыңдар.

130. $OABC$ үшжақты бұрышының BOC жазық бұрышы γ-ға тең ($\gamma < 90°$), OC қырындағы екіжақты бұрыш тік, OB қырындағы екіжақты бұрыш φ-ге тең ($\varphi < 90°$). а) $\operatorname{tg}\angle AOB = \dfrac{\operatorname{tg}\gamma}{\cos\varphi}$; ә) $\operatorname{tg}\angle AOC = \sin\gamma \cdot \operatorname{tg}\varphi$ болатынын дәлелдеңдер.

131. Үшбұрышты дұрыс пирамиданың табан қабырғасы мен биіктігі, сәйкесінше, a және $2a$-ға тең болса, пирамиданың бүйір қырындағы екіжақты бұрышты табыңдар.

C деңгейі

132. $PABC$ тетраэдрінің әрбір A, B, C төбелеріндегі жазық бұрыштарының қосындысы $180°$-қа тең болса, оның барлық жақтары тең болатынын дәлелдеңдер.

133. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың төбесіндегі жазық бұрышы бүйір қырының табан жазықтығына көлбеулік бұрышына тең болса, сол жазық бұрышты табыңдар.

134. Дұрыс төртбұрышты $SABCD$ пирамидасы берілген. а) $\angle ASC = 2\alpha$; ә) $\angle((DSC), (BSC)) = 2\beta$ болса, пирамиданың SD мен SC бүйір қырларының арасындағы бұрышты табыңдар.

6. Дұрыс көпжақтар

Тақырыпты оқу барысында:

• дұрыс көпжақтың анықтамасын; дұрыс көпжақтың түрлерін және олардың қасиеттерін білетін боласыңдар;

• әртүрлі дұрыс көпжақтарды ажырата аласыңдар;

• дұрыс көпжақтар мен олардың қасиеттерін есептер шығаруда қолданасыңдар.

Барлық жақтары тең дұрыс көпбұрыштар және әрбір төбесінде түйісетін қырларының саны бірдей болатын дөңес көпжақты дұрыс көпжақ деп атайды.

Теорема. **Дұрыс көпжақтың бес түрі болады.**

Дәлелдеуі. Дөңес көпжақтың төбесіндегі жазық бұрыштардың қосындысының қасиетін пайдаланамыз. Бір төбесінен n қыры шығатын болсын ($n \geq 3$), сонда осы төбедегі жазық бұрыштардың саны да n болады және олар өзара тең. Жазық бұрыштарының бірі $x°$ болсын, сонда осы төбедегі барлық жазық бұрыштардың қосындысы $nx°$ болады. Жазық бұрыштардың қосындысының қасиеті бойынша $nx° < 360°$.

1) Дұрыс көпжақтың жақтары дұрыс үшбұрыштар болсын. Сонда бір төбеде олардың 3, 4 және 5-уі түйісуі мүмкін, себебі $60° \cdot 3 < 360°$, $60° \cdot 4 < 360°$, $60° \cdot 5 < 360°$, ал $60° \cdot 6 = 360°$. Оған сәйкес келетін дұрыс көпжақтар – дұрыс *тетраэдр* (төртжақ), дұрыс *октаэдр* (сегізжақ), дұрыс *икосаэдр* (жиырмажақ) (79-сурет).

а) 

ә) 

б) 

79-сурет

2) Дұрыс көпжақтың жақтары шаршылар болсын. Бір төбеде олардың тек 3-уі түйісуі мүмкін, өйткені $90° \cdot 3 < 360°$, ал $90° \cdot 4 = 360°$. Оған сәйкес келетін дұрыс көпжақ – бұрыннан білетін куб, оны дұрыс *гексаэдр* (алтыжақ) деп те атайды (80, *а*-сурет).

а) *ә)*

80-сурет

3) Дұрыс көпжақтың жақтары дұрыс бесбұрыштар болсын. Бір төбеде олардың тек 3-уі түйісуі мүмкін, өйткені $108° \cdot 3 < 360°$, ал $108° \cdot 4 > 360°$. Оған сәйкес келетін дұрыс көпжақ – дұрыс *додекаэдр* (12-жақ) (80, *ә*-сурет). Алты жақты, жеті жақты және одан да көп жақты дұрыс көпжақ болмайды, себебі $120° \cdot 3 = 360°$. Теорема дәлелденді.

Дұрыс көпжақтардың әрқайсысының барлық жақтарынан және төбелерінен бірдей қашықтықта орналасқан бір ғана нүктесі бар, оны дұрыс көпжақтың **центрі** деп атайды.

Осы аталған дұрыс көпжақтардың бес түрінің шын мәнінде бар болатынына көз жеткізу үшін, оларды салу керек. Куб пен дұрыс тетраэдрді салуды сендер білесіңдер. Егер 81, *а*-суретте көрсетілгендей кубтың жақтарының диагональдарын жүргізсек, онда дұрыс тетраэдрді салудың тағы бір тәсілін аламыз. Егер кубтың барлық жақтарының центрлерін салсақ, сонда шыққан алты нүкте дұрыс октаэдрдің төбелері болады (81, *ә*-сурет).

а) *ә)*



81-сурет

а) *ә)*



82-сурет

Егер кубтың әрбір қыры арқылы оның бетімен осы қырының нүктелерінен басқа ортақ нүктелері болмайтын жазықтық жүргізсек, онда қандай да бір 12-жақты аламыз. Осы жазықтықтарды кубтың жақтарына белгілі бір бұрышпен көлбеткенде, осы 12-жақтың жақтары дұрыс бесбұрышқа тең болады, яғни дұрыс додекаэдр шығады (82, *а*-сурет).

Дұрыс додекаэдрдің жақтарының центрлері дұрыс икосаэдрдің төбелері болады (82, *ә*-сурет).

Әрбір дұрыс көпжақтың қырларындағы барлық екіжақты бұрыштары тең болады. (Мұны өздігінен дәлелдеңдер.)

Келесі кестеде дұрыс көпжақтардың жақтарының (Ж), төбелерінің (Т) және қырларының (Қ) саны көрсетілген.

Дұрыс көпжақтың түрі	**Ж**	**Т**	**Қ**
Дұрыс тетраэдр	4	4	6
Дұрыс гексаэдр	6	8	12
Дұрыс октаэдр	8	6	12
Дұрыс додекаэдр	12	20	30
Дұрыс икосаэдр	20	12	30

Кез келген дұрыс көпжақ үшін кез келген дөңес көпжақ сияқты **Ж + Т – Қ = 2** теңдігі орындалатынын атап өтейік. Дөңес көпжақтардың бұл тамаша қасиетін оны ашқан көрнекті швейцар математигі Леонард Эйлердің (1707–1789) құрметіне *эйлерлік сипаттама* деп атайды.

Осы қасиетті математикалық индукция әдісімен дәлелдейік.

1) Тетраэдр үшін формула ақиқат (өздігінен тексеріңдер).

2) Ж + Т – Қ = 2 формуласы дұрыс n жағы бар дөңес көпжақ үшін ақиқат болады делік.



83-сурет

3) Осы формуланың $(n + 1)$ жағы бар көпжақ үшін де ақиқат болатынын дәлелдейік. Ол үшін дөңес n-жақтың қайсыбір төбесіне жақын өтетін қимасын саламыз, ол қиюшы жазықтық осы төбеден шығатын әрбір қырмен қиылысады (83-сурет). Сонда көрсетілген төбені қамтымайтын қиылған көпжақтың жақтарының саны 1-ге артады. Көрсетілген төбеде k қыры түйісетін болсын, сонда жаңа көпжақтың төбелерінің саны $(k – 1)$-ге, ал қырларының саны k-ға артады. Сонда жаңа көпжақта (Ж + 1) + (Т + k – 1) – (Қ + k) = Ж + Т – Қ = 2 болады. Демек, көрсетілген формула кез келген дөңес көпжақ үшін ақиқат болады.

Дұрыс көпжақтардың модельдерін қоршаған ортадан да байқауға болады, олар сәулет өнері мен құрылыста қолданылады (84-сурет).

84-сурет

1 - е с е п. Қыры a-ға тең дұрыс октаэдрдің диагональдық қималарының ауданын табу керек.

Ш е ш у і. Дұрыс $EABCDF$ октаэдрі берілген болсын (85-сурет). Октаэдрдің $ABCD$, $AECF$, $BEDF$ диагональдық қималары шаршы болатынын дәлелдейік.

1) Теңбүйірлі AEF, BEF, CEF, DEF үшбұрыштарының AO, BO, CO, DO медианалары тең және олардың биіктіктері болады. Демек, AO, BO, CO, DO түзулері EF түзуіне перпендикуляр. O нүктесі арқылы EF түзуіне перпендикуляр бір ғана жазықтық жүргізуге болатындықтан, A, B, C, D нүктелері бір жазықтықта жатады және $ABCD$ шаршы болады.



85-сурет

2) Дәл осылай BDA, BDE, BDC, BDF үшбұрыштарын қарастыра отырып, $AECF$ төртбұрышы шаршы болатынын анықтаймыз, ал ABC, AEC, ADC, AFC үшбұрыштарын қарастыру арқылы $BEDF$ төртбұрышы да шаршы екенін анықтаймыз.

3) Қарастырылған шаршылар тең, сондықтан берілген дұрыс октаэдрдің әрбір диагональдық қимасының ауданы a^2-қа тең.

Ж а у а б ы. a^2.

2 - е с е п. Қыры 3 см-ге тең дұрыс додекаэдрдің толық бетінің ауданын 1 см^2-ге дейінгі дәлдікпен табу керек.

86-сурет

Ш е ш у і. Дұрыс додекаэдрдің тең дұрыс бесбұрыш болатын 12 жағы бар. Осындай бір бесбұрыштың ауданын табу үшін оның төбелерін бесбұрыштың O центрімен қосып, тең бес үшбұрышқа бөлеміз (86-сурет). Сонда $\angle AOB = 72°$, биіктігі $OH = \frac{3}{2 \cdot \operatorname{tg} 36°}$, ал бесбұрыштың S_1 ауданы $S_1 = \frac{5 \cdot 9}{4 \cdot \operatorname{tg} 36°}$ болады. Сонда ізделінді аудан $S = 12 \cdot S_1 = \frac{135}{\operatorname{tg} 36°} \approx \frac{135}{0{,}727} \approx 186$ (см^2).

Ж а у а б ы. ≈ 186 см^2.

3 - е с е п. Қыры $\sqrt{2}$ дм-ге тең куб берілген. Кубтың дұрыс алтыбұрыш болатын қимасын салу керек. Төбелері осы алтыбұрыштың қабырғаларында жататын, ал екі осі алтыбұрыштың екі осімен беттесетін шаршының қабырғасын табу керек.

Ш е ш у і. M, N, K, L, F, E төбелері $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының, сәйкесінше, AB, BB_1, B_1C_1, C_1D_1, D_1D, AD қырларының орталары болатын $MNKLFE$ – дұрыс алтыбұрыш. Оның әрбір қабырғасы 1 дм-ге тең (Пифагор теоремасы бойынша), ал $MNKLFE$ алтыбұрышының бұрыштарының теңдігі MON, NOK, KOL, LOF, FOE, EOM үшбұрыштарының теңдігінен шығады, мұндағы O нүктесі – кубтың центрі, ол алтыбұрыштың төбесінен бірдей қашықтықта, оның жазықтығында жатады (87, *а*-сурет). Ұқсастық әдісін пайдаланып, осы алтыбұрышқа 87, *ә*-суретте көрсетілгендей іштей шаршы саламыз.

а)



ә)



87-сурет

Осы шаршының қабырғасын табамыз. ΔNPO-ның PH биіктігі HO кесіндісіне – шаршы қабырғасының жартысына тең. $PH = HO = x$ дм болсын, сонда $NH = 1 - x$ және $NH = x \cdot \text{ctg } 60° = \frac{x}{\sqrt{3}}$. Демек, $1 - x = \frac{x}{\sqrt{3}}$, $x = \frac{\sqrt{3}}{\sqrt{3}+1} =$ $= \frac{3-\sqrt{3}}{2}$. Бұдан ізделінді ұзындық $(3 - \sqrt{3})$ дм болады.

Ж а у а б ы. $(3 - \sqrt{3})$ дм.

СҰРАҚТАР

1. Дұрыс көпжақ дегеніміз не?
2. Дұрыс көпжақтардың барлығы қанша түрі бар? Олар қалай аталады?

ЖАТТЫҒУЛАР

А деңгейі

135. Барлық жақтары: а) тең; ә) дұрыс көпбұрыштар болатын көпжақ дұрыс көпжақ болады деген ақиқат па?

136. Екі тең дұрыс тетраэдрден құрастырылған көпжақты кескіндеңдер. Оның неліктен дұрыс көпжақ болмайтынын түсіндіріңдер.

137. Егер параллелепипедтің:

а) диагональдық қимасы шаршы болса;

ә) бір төбесінен шығатын үш жағының диагональдары тең болса, ол дұрыс гексаэдр бола ма?

138. Дұрыс: а) тетраэдрдің; ә) гексаэдрдің; б) октаэдрдің; в) икосаэдрдің; г) додекаэдрдің әрбір төбесіндегі жазық бұрыштарының қосындысы неге тең?

139. Ұзындығы 1 м сымнан: а) қыры 1 дм-ге тең кубтың; ә) қыры 1,5 дм-ге тең дұрыс тетраэдрдің; б) қыры 0,5 дм-ге тең дұрыс октаэдрдің қорабының моделін жасауға бола ма?

140. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ ағаш кубынан D_1AB_1C пирамидасын бөліп алған. Осы куб пен пирамиданың толық беттері аудандарының қатынасын табыңдар.

141. Дұрыс көпжақтың 8 жағы бар. Оның: а) бір төбесінен шығатын екі қырының арасындағы бұрышын; ә) қырындағы екіжақты бұрышының косинусын табыңдар.

142. Қыры 8 см-ге тең дұрыс октаэдрдің моделін жасаңдар. 88-суретте октаэдрдің желімдеуге арналған қақпақшалары бар жазбасы көрсетілген.



88-сурет

143. Қыры 6 см-ге тең дұрыс көпжақ берілген. Осы көпжақ: а) тетраэдр; ә) октаэдр болса, оның іргелес екі жағының центрлерінің арақашықтығын табыңдар.

144. Әрқайсысының қыры *а*-ға тең дұрыс тетраэдр мен октаэдрдің толық беттерінің аудандарының қатынасын табыңдар.

145. а) Табанының ауданы $\sqrt{3}$ дм^2-ге, ал апофемасы $\sqrt{3}$ дм-ге тең дұрыс үшбұрышты пирамида дұрыс тетраэдр бола ма?
ә) Табанының қабырғасы $\sqrt{1{,}5}$ дм-ге тең дұрыс үшбұрышты пирамида берілген. Осы пирамида дұрыс тетраэдр болуы үшін оның биіктігінің ұзындығы қандай болу керек?

146. Биіктігі $\sqrt{6}$ м-ге тең дұрыс тетраэдрдің толық бетінің ауданы қандай?

147. а) Дұрыс додекаэдрдің толық бетінің ауданы $\frac{135}{\operatorname{tg} 36^\circ}$ см^2. Оның қырының ұзындығын табыңдар.

ә) Толық бетінің ауданы $80\sqrt{3}$ см^2-ге тең дұрыс икосаэдрдің қырының ұзындығын табыңдар.

а)



148. *PABC* дұрыс тетраэдрінің *AP* мен *BC* қырларының арақашықтығы 1 м-ге тең. Оның толық бетінің ауданын табыңдар.

149. Дұрыс тетраэдрдің жақтарының центрлері – жаңа тетраэдрдің төбелері (89, *а*-сурет). Осы тетраэдрлердің толық беттерінің аудандарының қатынасын табыңдар.

ә)



89-сурет

150. 89, *ә*-суретте қыры 4 дм-ге тең кубтың ішіне төбелері осы кубтың жақтарының центрлері болатын көпжақ кескінделген. Көпжақтың толық бетінің ауданын табыңдар.

В деңгейі

151. Дұрыс тетраэдрдің бүйір бетінің жазбасы трапеция болуы мүмкін екенін дәлелдеңдер.

152. Кубтың диагональдарының қиылысу нүктесі арқылы өтетін және олардың біреуіне перпендикуляр болатын жазықтықпен қимасын салыңдар. Кубтың қыры *а*-ға тең болса, шыққан қиманың ауданын табыңдар.

153. Қыры a-ға тең дұрыс $PABC$ тетраэдрі берілген. Оның айқас түзулерде жататын екі қырына параллель жазықтықпен қимасы – $MNKL$ шаршысы. $PMNKL$ пирамидасының толық бетінің ауданын табыңдар.

154. Қыры 8 см-ге тең $PABCDF$ дұрыс октаэдрінен P және F төбелері болатын, бүйір қырлары 4 см-ге тең екі өзара тең дұрыс пирамида кесіп алынды. Шыққан көпжақтың толық бетінің ауданын табыңдар.

155. Ғаламтордан дұрыс додекаэдр мен икосаэдрдің жазбаларын тауып, олардың модельдерін жасаңдар.

С деңгейі

156. Барлық жақтары тең дұрыс көпбұрыш болатын дөңес емес көпжақ бола ма? Егер болса, оның моделін жасаңдар.

157. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубында B төбесі мен AD және CC_1 қырларының ортасындағы M және N нүктелері арқылы жазықтық жүргізілген. Осы жазықтықтың ABC жазықтығына көлбеулік бұрышын табыңдар.

158. Дұрыс октаэдрдің жақтарының центрлері кубтың төбелері болатынын дәлелдеңдер (90-сурет). Дұрыс октаэдрдің қыры b-ға тең болса, кубтың толық бетінің ауданын табыңдар.

159. Дұрыс $EABCDF$ октаэдрінің BCE мен ADF жақтарының центрлерін қосатын кесінді осы жақтардың жазықтықтарына перпендикуляр болатынын дәлелдеңдер және олардың арақашықтығын табыңдар.



90-сурет

7. «Көпжақтар» бөлімін қайталауға арналған жаттығулар

А деңгейі

160. Егер $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының: а) AB_1C_1 жазықтығымен қимасының ауданы $98\sqrt{2}$ см^2-ге; ә) диагональдық қимасының ауданы 1 м^2-ге тең болса, кубтың толық бетінің ауданын табыңдар.

161. а) Дұрыс үшбұрышты призманың бүйір жағының диагоналі мен басқа бүйір жағының арасындағы бұрыш 30°-қа тең. Призманың биіктігі 2 дм-ге тең болса, оның толық бетінің ауданын табыңдар.

ә) Дұрыс төртбұрышты призманың 8 см-ге тең диагоналі табан жазықтығына 75° бұрышпен көлбеген. Призманың бүйір бетінің ауданын табыңдар.



91-сурет

162. Үшбұрышты көлбеу призманың қырларының арақашықтығы a, b, c-ға, ал бүйір қыры n-ге тең. Призманың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

163. Үшбұрышты көлбеу призманың әрбір қыры 2 дм-ге тең, ал бүйір қырларының бірі іргелес табан қабырғаларымен 60°-қа тең бұрыштар жасайды (91-сурет). Призманың толық бетінің ауданын табыңдар.

164. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың табан қабырғасы a-ға тең, диагональдық қимасы табанымен тең шамалы. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

165. а) Пирамиданың табаны – тікбұрышты үшбұрыш, оның катеттері 6 см және 8 см. Пирамиданың барлық бүйір жақтары оның табан жазықтығына 60° бұрышпен көлбеген. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

ә) Үшбұрышты пирамиданың табанындағы қабырғалары 13 см, 14 см және 15 см-ге тең, ал барлық бүйір жақтары табан жазықтығына 45° бұрышпен көлбеген. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

166. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың табан қабырғалары 12 см және 8 см, ал төменгі табан қабырғасындағы екіжақты бұрышы 60°-қа тең. Пирамиданың екі апофемасы арқылы өтетін жазықтықпен қимасының ауданын табыңдар. Барлық мүмкін болатын жағдайларды қарастырыңдар.

167. Дұрыс үшбұрышты қиық пирамиданың табандарының биіктіктері $18\sqrt{3}$ см-ге және $12\sqrt{3}$ см-ге тең, ал бүйір қыры табан жазықтығына $60°$ бұрышпен көлбеген. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

В деңгейі

168. Дұрыс үшбұрышты призманың табанының ауданы $4\sqrt{6}$ дм^2-ге тең. Призманың бір табанының қабырғасы мен екінші табанының оған параллель орта сызығы арқылы қима жүргізілген. Егер қима жазықтығы мен табанының көрсетілген қабырғасын қамтитын бүйір жағының арасындағы бұрыш $30°$-қа тең болса, призма табанының ауданын табыңдар.

169. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ көлбеу призмасының табаны – ромб, оның қабырғасы a-ға, сүйір бұрышы φ-ге тең. A_1 төбесі A, B және D нүктелерінің әрқайсысынан a-ға тең қашықтықта жатыр. BB_1D_1D төртбұрышының ауданын табыңдар.

170. Пирамиданың биіктігі 8 дм-ге тең, табанындағы теңбүйірлі трапецияның параллель қабырғалары 16 дм және 8 дм. Пирамиданың табан қабырғаларындағы барлық екіжақты бұрыштары тең болса, оның толық бетінің ауданын табыңдар (92-сурет).



92-сурет

171. Үшбұрышты пирамида төбесінің ортогональ проекциясы – оның табанына іштей сызылған шеңбердің центрі. Пирамиданың табанына параллель жазықтықпен қимасы одан табандарының аудандарының қатынасы 4 : 49 болатын қиық пирамида бөлген. Қиық пирамиданың төменгі табан қабырғалары мен биіктігі, сәйкесінше, 25 см, 39 см, 56 см және 12 см-ге тең болса, оның бүйір бетінің ауданын табыңдар.

172. Үшбұрышты $DABC$ пирамидасының D төбесіндегі барлық жазық бұрыштары тік. D төбесінің ΔABC-ға түскен ортогональ проекциясы оның биіктіктерінің қиылысу нүктесі болатынын дәлелдеңдер.

173. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамида берілген. Егер: а) оның табандарының диагональдары d және l-ге ($d > l$), ал табан қырындағы екіжақты бұрышы $60°$-қа; ә) пирамиданың биіктігі h-қа, диагональдық қимасының ауданы Q-ге, ал табан қабырғасындағы екіжақты сүйір бұрышы β-ға тең болса, оның бүйір бетінің ауданын табыңдар.

С деңгейі

174. Диагоналі d-ға тең, табаны шаршы болатын тікбұрышты параллелепипедтің бүйір бетінің ең үлкен ауданы қандай болуы мүмкін?

175. Табаны тіктөртбұрыш болатын пирамида берілген. Оның әр бүйір қыры 9 см-ге тең және табанының іргелес қабырғаларымен 60°-ты және α бұрышын құрайды. Пирамиданың биіктігін және α-ның мүмкін болатын мәндер жиынын табыңдар.

176. Дұрыс онбұрышты пирамиданың бүйір қыры 16-ға, ал іргелес бүйір қырларының арасындағы бұрыш φ-ге тең. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын және φ-дің мүмкін болатын мәндер жиынын табыңдар.



93-сурет

177. Үшбұрышты $SABC$ пирамидасының табаны – гипотенузасы AC болатын тікбұрышты ΔABC, ал оның SA бүйір қыры табан жазықтығына перпендикуляр. Пирамиданың AB қырының ортасындағы M нүктесі арқылы өтетін қимасы SC қырына перпендикуляр, $AB = BC = SA = m$ (93-сурет). Осы қиманың ауданын табыңдар.

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

Дұрыс жауабын таңдаңдар

178. Ақиқат тұжырымды көрсетіңдер: а) призманың табандары тең; ә) призманың жақтары тең; б) призманың барлық бүйір жақтары – параллелограмдар; в) призманың барлық жақтары – параллелограмдар; г) барлық бүйір қырлары өзара параллель.

1) а, б, г; 4) а, в;
2) барлығы; 5) ә-ден басқасының барлығы.
3) в-дан басқасының барлығы;

179. Ақиқат тұжырымды көрсетіңдер. Тура: а) бес; ә) алты; б) жеті; в) тоғыз; г) он қыры бар пирамида болмайды.

1) а; 4) а, б;
2) б; 5) а-дан басқасының барлығы.
3) а, б, в;

180. Келесі сөйлемдердің қайсысы көпжақтың беті ұғымының анықтамасы болуы мүмкін? Көпжақтың беті деп: а) оның шекарасы; ә) оның барлық жақтарының аудандарының қосындысы; б) оның жақтарына тиісті барлық нүктелер жиыны; в) оның бетіне тиісті барлық нүктелер жиыны; г) оның ішкі нүктелері болмайтын барлық нүктелер жиыны аталады.

1) г-дан басқасының барлығы;
2) в мен г-дан басқасының барлығы;
3) а, б;
4) ә;
5) в.

181. Берілген денелердің қайсысы дұрыс көпжақ болады? а) Куб; ә) дұрыс призма; б) дұрыс пирамида; в) барлық қырлары тең тетраэдр; г) барлық жақтары тең n-бұрыштар болатын көпжақ.

1) а, ә, б;
2) барлығы;
3) ә-ден басқасының барлығы;
4) а, в;
5) а, г.

182. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі 14 см-ге, ал табан қабырғасы 16 см-ге тең. Сонда пирамиданың бүйір қыры неге тең?

1) 15 см;
2) 18 см;
3) 20 см;
4) $\sqrt{330}$ см;
5) $\sqrt{300}$ см.

183. Дұрыс үшбұрышты призманың табан қабырғасы 5 см-ге, ал бүйір қыры 6 см-ге тең. Сонда призманың толық бетінің ауданы неге тең?

1) $(90 + 12{,}5\sqrt{3})$ см^2;
2) $(80 + 18\sqrt{3})$ см^2;
3) 110 см^2;
4) 105 см^2;
5) 120 см^2.

184. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың табан қабырғасы мен биіктігі a-ға тең. Сонда пирамиданың толық бетінің ауданы неге тең?

1) $\frac{3a^2\sqrt{10}}{2}$;
2) $1{,}5a^2(\sqrt{3} + \sqrt{7})$;
3) $3a^2\left(\sqrt{7} + \frac{\sqrt{3}}{2}\right)$;
4) $\frac{3a^2\sqrt{5}}{2}$;
5) $3a^2\left(\sqrt{2} + \frac{\sqrt{3}}{2}\right)$.

185. Дұрыс октаэдрдің екі іргелес жағының арасындағы әрбір бұрыштың косинусы неге тең?

1) $\frac{1}{3}$;
2) $-0{,}5$;
3) 0,5;
4) $-\frac{1}{3}$;
5) 0,(6).

186. Тік параллелепипедтің диагональдарының қиылысу нүктесі табан жазықтығынан 3 см, ал бүйір жақтарынан 2 см және 4 см қашықтықта орналасқан. Табанының периметрі 30 см-ге тең. Параллелепипедтің толық бетінің ауданы неге тең?

1) 260 см^2;
2) 240 см^2;
3) 220 см^2;
4) 208 см^2;
5) 176 см^2.

187. $ABCA_1B_1C_1$ көлбеу призмасының табаны – қабырғасы $\sqrt{3}$ см-ге тең теңқабырғалы ΔABC. A_1 төбесінің ортогональ проекциясы – табанындағы медианаларының қиылысу нүктесі, ал AA_1 қыры табан жазықтығына 45° бұрышпен көлбеген. Призманың бүйір бетінің ауданы неге тең?

1) $3\sqrt{3}$ см^2;
2) $(\sqrt{15}+\sqrt{3})$ см^2;
3) $\frac{3\sqrt{15}}{2}$ см^2;
4) $(\sqrt{6}+\sqrt{15})$ см^2;
5) $(\sqrt{5}+\sqrt{2})$ см^2.

Жаттығуларды орындаңдар

188. а) Бесбұрышты призманың; ә) алтыбұрышты пирамиданың неше жағы, қыры, төбесі бар? Осындай көпжақтарды кескіндеңдер.

189. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ тік призмасының табаны – BAD бұрышы 60°-қа тең ромб. Призманың биіктігі 8 см-ге, ал B_1 төбесінен AC түзуіне дейінгі қашықтық 10 см-ге тең. Призманың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

190. Дұрыс алтыбұрышты қиық пирамиданың табандарының қабырғалары 10 м және 9 м-ге, ал биіктігі 0,5 м-ге тең. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

191. Көлбеу параллелепипедтің төрт жағы – қабырғалары 8 см-ге тең шаршылар, ал оның бүйір қыры табан жазықтығымен 60° бұрыш жасайды. Параллелепипедтің толық бетінің ауданын табыңдар.

192. $PABCD$ дұрыс пирамидасының P төбесіндегі жазық бұрыштарының әрқайсысы 60°-қа тең. а) APC бұрышын; ә) $AB = 4$ см болса, пирамиданың апофемасын табыңдар.

193. Пирамиданың табанына параллель қима оның биіктігін төбесінен бастап есептегенде $2:3$ қатынасына бөледі. Пирамиданың табанының ауданынан 84 см^2-ге кем қимасының ауданын табыңдар.

194. Пирамиданың табаны – қабырғасы 8 см-ге тең шаршы. Оның іргелес екі бүйір жағы табан жазықтығына перпендикуляр, қалған жақтарының әрқайсысы оған 30° бұрышпен көлбеген. Пирамиданың диагональдық қималарының аудандарын табыңдар.

195. $DABC$ пирамидасының табаны – қабырғалары $AC = 13$ м, $AB = 15$ м, $BC = 14$ м болатын үшбұрыш. Пирамиданың 9 м-ге тең DA бүйір қыры табан жазықтығына перпендикуляр. Пирамиданың толық бетінің ауданын табыңдар.

196. Пирамиданың табаны – диагональдары 6 м және 8 м-ге тең ромб. Пирамиданың 1 м-ге тең биіктігінің табаны – ромб диагональдарының қиылысу нүктесі. Пирамиданың толық бетінің ауданын табыңдар.

197. Әрқайсысының қыры a-ға тең кубтың, дұрыс октаэдрдің және дұрыс икосаэдрдің толық беттерінің аудандарын салыстырыңдар.

БҰЛ ҚЫЗЫҚТЫ!

Көпжақтардың түрлері мен қасиеттерін ғалымдар көп ғасырлар бойы зерттеген. Көпжақтардың модельдерін сәулет өнерінде, әсіресе пирамидалар түріндегі құрылыстарды салуда пайдаланған. Мысалы, Қарағанды облысында Мысыр пирамидаларынан 1000 жыл бұрын салынған пирамида табылды.

Қалпына келтірілген Сарыарқа пирамидасы, Қарағанды облысы

Дұрыс көпжақтар теориясымен ежелгі грек математиктері айналысқан, ол туралы ілімдер Евклидтің «Негіздерінің» 13-кітабында айтылған және ол геометрия «шыңы» болып саналған. Дұрыс көпжақтар «мінсіз фигуралар» деп аталған.

Платон

Л. Эйлер

Ежелгі Грекияда болмыстың негізі деп төрт «табиғат күші» саналған: жер, су, ауа және от. Пифагорлықтар оларға, сәйкесінше, дұрыс тетраэдрдің, октаэдрдің, гексаэдрдің және икосаэдрдің пішінін берген. Ежелгі грек философы Платон (б. д. д. 429–348 жж.) бүкіл әлемге тұтастай дұрыс додекаэдрдің пішінін берген болатын.

Л. Эйлер дөңес көпжақтар мен олардың жартылай дұрыс көпжақтар деп аталатын түрлері туралы тұтас ілім әзірлеген. Осындай көпжақтардың бір түрі – Минск қаласындағы Беларусь Ұлттық кітапханасы.

Беларусь Ұлттық кітапханасы, Минск қ.

Ғаламторды пайдаланып:

а) ежелгі грек математиктері көпжақты қалай атағанын және ол сөздің тура мағынасы нені білдіргенін;

ә) 94-суретте кескінделген дөңес емес дұрыс көпжақтар туралы мәліметтерді;

б) Эйлердің жартылай дұрыс көпжақтар мен олардың түрлері туралы ақпаратты табыңдар.



94-сурет

II. ТҮЗУ МЕН ЖАЗЫҚТЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Бөлімді оқу нәтижесінде

- кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуын;
- нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықтың формуласын;
- кеңістіктегі түзулердің параллельдік және перпендикулярлық шарттарын;
- кеңістіктегі екі түзудің арасындағы бұрышты табу формуласын;
- түзу мен жазықтықтың арасындағы, екі жазықтықтың арасындағы бұрыштарды табу формулаларын **білу керек.**

- нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықты таба алу;
- түзулердің теңдеулерін пайдаланып, екі түзудің арасындағы бұрышты таба алу;
- кеңістіктегі түзулердің параллельдік және перпендикулярлық шарттарын есептер шығаруда қолдана алу;
- түзу мен жазықтықтың арасындағы, екі жазықтықтың арасындағы бұрышты таба алу;
- нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықтың, түзулердің арасындағы, түзу мен жазықтықтың арасындағы, жазықтықтардың арасындағы бұрыштардың формулаларын қолданып, стереометриялық есептерді шығара **алу керек.**

8. Нүктеден жазықтыққа дейінгі арақашықтық

Тақырыпты оқу барысында:

• кеңістіктегі түзу мен жазықтықтың өзара орналасуын білетін боласыңдар;

• нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықтың формуласын білесіңдер;

• осы формуланы қорытып шығарасыңдар және оны есептер шығаруда қолданасыңдар.

Тікбұрышты координаталар жүйесі мен кеңістіктегі векторларды пайдалану алгебраны әртүрлі кеңістіктік фигураларды зерттеу үшін қолдануға мүмкіндік береді. Нүктелердің және векторлардың координаталарын геометриялық фигураларға қолдану арқылы кейбір алгебралық модельдерді: теңдіктерді, теңдеулерді, теңсіздіктер мен олардың жүйелерін салыстыруға болады. Екінші жағынан, үш (немесе екі) айнымалысы бар теңдеулер координаталар жүйесінде қайсыбір геометриялық фигураны береді.

10-сыныпта кеңістіктегі жазықтық пен түзудің теңдеулері қарастырылған болатын. Соларды еске салайық. $M(x_1; y_1; z_1)$ нүктесінен өтіп, $\vec{n}(a; b; c)$ векторына перпендикуляр жазықтықтың теңдеуі:

$$a(x-x_1)+b(y-y_1)+c(z-z_1)=0.$$

Жазықтықтың жалпы теңдеуі: $ax+by+cz+d=0$.

Берілген екі $M_1(x_1; y_1; z_1)$ және $M_2(x_2; y_2; z_2)$ нүктелерінен өтетін түзудің теңдеуі: $\frac{x-x_1}{x_2-x_1}=\frac{y-y_1}{y_2-y_1}=\frac{z-z_1}{z_2-z_1}$.

Түзудің жалпы теңдеуі: $\begin{cases} a_1x+b_1y+c_1z+d=0, \\ a_2x+b_2y+c_2z+d=0. \end{cases}$

$M_0(x_0; y_0; z_0)$ нүктесінен өтетін және $\vec{p}(m; n; k)$ бағыттаушы векторы арқылы берілген түзудің канондық теңдеуі: $\frac{x-x_0}{m}=\frac{y-y_0}{n}=\frac{z-z_0}{k}$.

Түзудің параметрлік теңдеуі: $\begin{cases} x=x_0+mt, \\ y=y_0+nt, \\ z=z_0+kt. \end{cases}$

Осы теңдеулерді пайдаланып, нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықты және түзулердің, түзу мен жазықтықтың, жазықтықтардың арасындағы бұрыштарды табу формулаларын алуға болады.

Нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықтың формуласын қорытып шығарайық.

Т е о р е м а. **$M_0(x_0; y_0; z_0)$ нүктесінен $ax + by + cz + d = 0$ теңдеуімен берілген жазықтыққа дейінгі l қашықтығы $l = \dfrac{|ax_0 + by_0 + cz_0 + d|}{\sqrt{a^2 + b^2 + c^2}}$ формуласымен табылады.**

Д ә л е л д е у і. Берілген жазықтыққа M_0M перпендикулярын жүргізейік (95-сурет) және $\vec{r_1} = \overrightarrow{OM}(x_1; y_1; z_1)$, $\vec{r_0} = \overrightarrow{OM_0}(x_0; y_0; z_0)$ деп белгілейік. $M(x_1; y_1; z_1)$ нүктесі берілген жазықтыққа тиісті болғандықтан, $ax_1 + by_1 + cz_1 + d = 0$ теңдігі ақиқат болады. Оны былай жазуға болады: $\vec{n} \cdot \vec{r_1} + d = 0$, мұндағы $\vec{n}(a; b; c)$ – берілген жазықтыққа перпендикуляр вектор.



95-сурет

$\overrightarrow{M_0M} = \vec{r_1} - \vec{r_0}$ және $\vec{n}$ векторлары коллинеар, сондықтан $\vec{r_1} - \vec{r_0} = k \cdot \vec{n}$, мұндағы $k \in R$. Бұдан $\vec{r_1} = \vec{r_0} + k \cdot \vec{n}$. Сонда $\vec{n} \cdot (\vec{r_0} + k \cdot \vec{n}) + d = 0$ болады, бұдан $k = \dfrac{-\vec{n} \cdot \vec{r_0} - d}{\vec{n}^2}$. Сонымен, $l = |\overrightarrow{M_0M}| = |k| \cdot |\vec{n}| = \dfrac{\vec{n} \cdot \vec{r_0} + d}{|\vec{n}|} = \dfrac{|ax_0 + by_0 + cz_0 + d|}{\sqrt{a^2 + b^2 + c^2}}$. Дәлелдеу керегі де осы еді.

Осы формуладан *координаталар басынан жазықтыққа дейінгі арақашықтық* $\dfrac{|d|}{\sqrt{a^2 + b^2 + c^2}}$ болатыны шығады.

1 - е с е п. $B(-12; 0; 17)$ нүктесінен $A(3; -2; -4)$ нүктесі арқылы өтетін және $4x - 5y + 2z + 11 = 0$ жазықтығына параллель жазықтыққа дейінгі қашықтықты табу керек.

Ш е ш у і. Берілген жазықтыққа параллель жазықтық $4x - 5y + 2z + d = 0$ теңдеуімен беріледі. Бұл жазықтық $A(3; -2; -4)$ нүктесінен өтетіндіктен, $4 \cdot 3 - 5 \cdot (-2) + 2 \cdot (-4) + d = 0$ болады, бұдан $d = -14$. Сонда $4x - 5y + 2z - 14 = 0$ теңдеуін аламыз. Ізделінді қашықтық $l = \dfrac{|4 \cdot (-12) - 5 \cdot 0 + 2 \cdot 17 - 14|}{\sqrt{4^2 + (-5)^2 + 2^2}} = \dfrac{28}{\sqrt{45}} = \dfrac{28\sqrt{5}}{15}$ болады.

Ж а у а б ы. $\dfrac{28\sqrt{5}}{15}$.

2 - е с е п. Төбесіндегі барлық жазық бұрыштары тік болатын тетраэдр берілген, оның бүйір қырлары 1 дм, 2 дм және 3 дм. Тетраэдрдің төбесінен оның табан жазықтығына дейінгі қашықтықты табу керек.



96-сурет

Ш е ш у і. $OABC$ тетраэдрі берілген болсын. Оның O төбесіндегі барлық жазық бұрыштары тік болғандықтан, оны координаталар жүйесіне салып, қарастырайық (96-сурет). $OA = 1$ дм, $OB = 2$ дм, $OC = 3$ дм болсын. Сонда $A(1;\ 0;\ 0)$, $B(0;\ 2;\ 0)$, $C(0;\ 0;\ 3)$ болады. OH қашықтығын табайық. Ол үшін жазықтықтың $ax + by + cz + d = 0$ теңдеуіне A, B, C нүктелерінің координаталарын қойып, мынаны аламыз: $\begin{cases} a + d = 0, \\ 2b + d = 0, \\ 3c + d = 0. \end{cases}$ Мысалы, $d = -6$ болсын, сонда $a = 6$, $b = 3$, $c = 2$ болады. ABC жазықтығының теңдеуін жазайық: $6x + 3y + 2z - 6 = 0$. Сонда $OH = \dfrac{6}{\sqrt{36+9+4}} = \dfrac{6}{7}$ (дм) болады.

Ж а у а б ы. $\dfrac{6}{7}$ дм.

3 - е с е п. Дұрыс үшбұрышты $ABCA_1B_1C_1$ призмасының табан қабырғасы 4 см-ге, биіктігі 3 см-ге тең. Призманың BCM жазықтығымен қимасы салынған, мұндағы M – A_1C_1-дің ортасы. A_1 төбесінен қима жазықтығына дейінгі қашықтықты табу керек.



97-сурет

Ш е ш у і. Берілген призманың BCM жазықтығымен қимасы – теңбүйірлі $BCMN$ трапециясы. Қима жазықтығына дейінгі A_1H қашықтығын табу үшін призманы 97-суретте көрсетілгендей координаталар жүйесіне саламыз, мұндағы O нүктесі – AC-ның ортасы. Сонда $B(2\sqrt{3};\ 0;\ 0)$, $C(0;\ -2;\ 0)$, $M(0;\ 0;\ 3)$ және $A_1(0;\ 2;\ 3)$ болады.

$\sqrt{3}x - 3y + 2z - 6 = 0$ BCM жазықтығының теңдеуі болатынын анықтаймыз.

Сонда ізделінді қашықтық $A_1H = \dfrac{|\sqrt{3}\cdot 0 - 3\cdot 2 + 2\cdot 3 - 6|}{\sqrt{3+9+4}} = \dfrac{6}{4} = 1{,}5$ (см).

Ж а у а б ы. 1,5 см.

СҰРАҚТАР

1. Нүктеден жазықтыққа дейінгі қашықтықтың формуласын жазып, оны қорытып шығарыңдар.

2. Координаталар басынан жазықтыққа дейінгі қашықтықты қандай формуламен табуға болады?

ЖАТТЫҒУЛАР

А деңгейі

198. Координаталар басынан:

а) $M(4; -2; -6)$ нүктесінен өтіп, аппликата осіне перпендикуляр болатын; ә) $N(-7; 4; 5)$ нүктесінен өтіп, абсцисса осіне перпендикуляр болатын жазықтыққа дейінгі қашықтықты табыңдар.

199. а) $A(-2; 3; -4)$ нүктесінен $2x + 2y - z = 0$ және $2x + 2y - z + 3 = 0$ жазықтықтарына дейінгі; ә) $B(1; -5; 0)$ нүктесінен $4x - 4y + 2z = 0$ және $4x - 4y - 4\sqrt{2} \cdot z + 16 = 0$ жазықтықтарына дейінгі қашықтықты табыңдар.

200. $3x - y + 2z - 1 = 0$ жазықтығына тиісті $A(2; 1; m)$ нүктесінен $12x - 3y + 4z + 13 = 0$ жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

201. $M(1; m; n)$ нүктесі $\begin{cases} x + y - z - 4 = 0, \\ 2x - y + 4z - 5 = 0 \end{cases}$ теңдеуімен берілген түзуге тиісті. Осы нүктеден $x + y + z + 1 = 0$ жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

202. а) Төбелері $A(2; 1; 0)$, $B(1; 3; 0)$, $C(4; 4; 0)$ нүктелерінде болатын үшбұрыш берілген. $M(2020; 2021; 2030)$ нүктесінен ABC жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

ә) Тетраэдрдің төбелерінің координаталары: $A(3; 0; 1)$, $B(-1; 4; 1)$, $C(5; 2; 1)$, $D(0; -5; 6)$. D төбесінен ABC жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

203. Координаталар басынан $A(-5; 4; -3)$ нүктесі арқылы өтетін және: а) $\vec{n} = 3\vec{i} + 3\vec{j}$; ә) $\vec{n} = 2\vec{i} + 2\vec{j} + \vec{k}$ векторына перпендикуляр жазықтыққа дейінгі қашықтықты табыңдар.

204. $M(2; -1; -2)$ нүктесі арқылы $\vec{n} = -4\vec{i} + 12\vec{j} - 3\vec{k}$ векторына перпендикуляр жазықтық өтеді. $B(2; 4; 5)$ нүктесінен осы жазықтыққа дейінгі қашықтықты табыңдар.

205. Қыры 6-ға тең $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубы берілген. M, N және K нүктелері, сәйкесінше, оның A_1B_1, A_1D_1 және A_1A қырларының орталары. Кубтың төбелерінен MNK жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

206. Қыры 12-ге тең $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубы берілген. Оның BB_1, BC және BA қырларына, сәйкесінше, M, N және K нүктелері белгіленген және ол нүктелер осы қырларды B төбесінен бастап есептегенде $3 : 1$ қатынасына бөледі. D_1 нүктесінен MNK жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

207. Тікбұрышты $ABCDA_1B_1C_1D_1$ параллелепипедінің қырлары $AB = 3$, $BC = 4$, $BB_1 = 12$. D_1 нүктесінен A_1C_1D жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

208. Дұрыс төртбұрышты $PABCD$ пирамидасының биіктігі 4-ке, ал табан қабырғасы $2\sqrt{2}$-ге тең. A нүктесінен PCD жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

209. $PABC$ тетраэдрі берілген, оның P төбесіндегі барлық жазық бұрыштары тік, $PA = 9$ см, $PB = 12$ см және $PC = 16$ см. P төбесінен ABC жазықтығына дейінгі қашықтықты 0,1 см-ге дейінгі дәлдікпен табыңдар.

В деңгейі

Бейбітшілік және Келісім сарайы, Нұр-Сұлтан қ.

210. Нұр-Сұлтан қаласындағы Бейбітшілік және Келісім сарайы дұрыс төртбұрышты пирамида пішінді, оның биіктігі мен табан қабырғасы 62 м-ден. Осы пирамиданың төбесінен оның табанының диагоналі мен бүйір қырының ортасы арқылы өтетін жазықтыққа дейінгі қашықтықты табыңдар.

211. $A(5;\ 0;\ 5)$, $B(5;\ 5;\ 0)$, $C(5;\ 5;\ 5)$ нүктелері төбелері болатын ΔABC берілген. Координаталар басының O нүктесінен ABC жазықтығына дейінгі қашықтықты тауып, оны O нүктесінен осы үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің центріне дейінгі қашықтықпен салыстырыңдар.

212. $x + y + z - 1 = 0$ жазықтығына параллель болатын және одан $\sqrt{3}$-ке тең қашықтықта жатқан жазықтықтың теңдеуін жазыңдар.

213. $M(2\sqrt{14};\ 0;\ 2\sqrt{14})$ нүктесінен: а) $\begin{cases} x - y = 0, \\ y + z = 0 \end{cases}$ және $\begin{cases} x + y + z = 0, \\ 2x + 3y + z = 0; \end{cases}$

ә) $\begin{cases} 2x + y - z = 0, \\ x + 2y + z = 0 \end{cases}$ және $\begin{cases} x - y + 2z = 0, \\ -x + 2y - z = 0 \end{cases}$ теңдеулерімен берілген жазықтыққа дейінгі қашықтықты табыңдар.

214. Координаталар басынан: а) $B(0;\ 2;\ 3)$, $C(-1;\ 3;\ 1)$, $D(2;\ 1;\ 1)$; ә) $K(1;\ 2;\ 3)$, $L(0;\ 7;\ 1)$, $P(1;\ 5;\ 0)$ нүктелері арқылы өтетін жазықтыққа дейінгі қашықтықты табыңдар.

C деңгейі

215. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының A_1D_1, C_1D_1 және DD_1 қырларының сәйкесінше орталары болатын M, N және K нүктелері арқылы қима жүргізілген. D_1 нүктесінен қима жазықтығына дейінгі қашықтық 3-ке тең. Кубтың басқа төбелерінен MNK жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

216. $PABC$ тетраэдрі берілген, оның әр бүйір қыры 2-ге тең және P төбесіндегі барлық жазық бұрыштары тік. P төбесінен оның AC, AB және CP қырларының орталары арқылы өтетін жазықтыққа дейінгі қашықтықты табыңдар.

217. Координаталар басынан $A(t;\ 0;\ 0)$, $B(0;\ 0;\ t)$, $C(t;\ t;\ t)$ нүктелері төбелері болатын ΔABC-ға сырттай сызылған шеңбердің центріне дейінгі қашықтық $\left(\frac{\sqrt{6}}{2}\right)$-ге тең. Координаталар басынан ABC жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

9. Кеңістіктегі екі түзудің арасындағы бұрыш

Тақырыпты оқу барысында:

• кеңістіктегі екі түзудің арасындағы бұрышты табу формулаларын білесіңдер;

• кеңістіктегі түзулердің параллельдік және перпендикулярлық шарттарын білетін боласыңдар;

• түзулердің теңдеулерін пайдаланып, екі түзудің арасындағы бұрышты табасыңдар;

• көрсетілген формулалар мен шарттарды есептер шығаруда қолданасыңдар.



98-сурет

Егер a және b түзулері $\frac{x-a_1}{m_1}=\frac{y-b_1}{n_1}=\frac{z-c_1}{k_1}$ және $\frac{x-a_2}{m_2}=\frac{y-b_2}{n_2}=\frac{z-c_2}{k_2}$ теңдеулерімен берілген болса, онда олардың бағыттаушы векторлары, сәйкесінше, $\overrightarrow{p_1}(m_1;\ n_1;\ k_1)$ және $\overrightarrow{p_2}(m_2;\ n_2;\ k_2)$ болады. Егер $\beta \leq 90°$ болса, онда осы түзулердің арасындағы φ бұрышы олардың бағыттаушы векторларының арасындағы β бұрышына тең, ал егер $\beta > 90°$ болса, онда $\varphi = 180° - \beta$ болады (98-сурет).

Осы екі жағдайда да: $\cos\varphi = \frac{|\overrightarrow{p_1}\cdot\overrightarrow{p_2}|}{|\overrightarrow{p_1}|\cdot|\overrightarrow{p_2}|} = \frac{|m_1\cdot m_2 + n_1\cdot n_2 + k_1\cdot k_2|}{\sqrt{m_1^2+n_1^2+k_1^2}\cdot\sqrt{m_2^2+n_2^2+k_2^2}}$.

Егер $\frac{m_1}{m_2}=\frac{n_1}{n_2}=\frac{k_1}{k_2}$ болса, көрсетілген теңдеулермен берілген түзулер *параллель*, ал егер $m_1\cdot m_2 + n_1\cdot n_2 + k_1\cdot k_2 = 0$ болса, онда *перпендикуляр* болады.

1 - е с е п. $\frac{x-4}{5}=\frac{y-1}{4}=\frac{z+1}{3}$ және $\frac{x-1}{3}=\frac{y-2}{2}=1-z$ теңдеулерімен берілген түзулердің арасындағы бұрышты табу керек.

Ш е ш у і. Бұл түзулердің бағыттаушы векторлары, сәйкесінше, $\overrightarrow{p_1}(5;4;3)$ және $\overrightarrow{p_2}(3;2;-1)$. Ізделінді бұрыштың косинусын табайық:

$$\cos\varphi = \frac{15+8-3}{\sqrt{25+16+9}\cdot\sqrt{9+4+1}} = \frac{20}{5\sqrt{28}} = \frac{2\sqrt{7}}{7}.$$

Ж а у а б ы. $\arccos\frac{2\sqrt{7}}{7}$.

2 - е с е п. $A(2; 4; 0)$, $B(-4; 0; 0)$ және $C(0; 2; 4)$ нүктелері төбелері болатын үшбұрыш берілген. Оның CM және BN медианалары жататын түзулердің арасындағы бұрышты 1°-қа дейінгі дәлдікпен табу керек.

Ш е ш у і. Нүктелердің координаталары $M(-1; 2; 0)$ және $N(1; 3; 2)$. Ізделінді бұрыш φ болсын, сонда $\cos\varphi = \left|\cos\angle(\overrightarrow{CM}; \overrightarrow{BN})\right|$. Векторлардың координаталары: $\overrightarrow{CM}(-1; 0; -4)$, $\overrightarrow{BN}(5; 3; 2)$. Сонда $\cos\varphi = \left|\frac{-5+0-8}{\sqrt{17}\cdot\sqrt{38}}\right| =$

$= \frac{13}{\sqrt{646}} = \frac{13\sqrt{646}}{646} \approx 0{,}511$, $\varphi \approx 59°$.

Ж а у а б ы. $\approx 59°$.

3 - е с е п. Қыры 12-ге тең $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының AD мен CC_1 қырларының орталары, сәйкесінше, M және N нүктелері. K нүктесі AA_1 қырын $AK : KA_1 = 1 : 2$ қатынасына, ал L нүктесі BB_1 қырын $BL : LB_1 = 1 : 3$ қатынасына бөледі. MK мен NL түзулерінің арасындағы бұрышты 1°-қа дейінгі дәлдікпен табыңдар.

Ш е ш у і. Кубты 99-суретте көрсетілгендей етіп координаталар жүйесіне орналастырайық. Нүктелердің координаталарын табайық: $M(12; 6; 0)$, $K(12; 0; 4)$, $N(0; 12; 6)$, $L(0; 0; 3)$. Сонда $\overrightarrow{MK}(0; -6; 4)$, $\overrightarrow{NL}(0; -12; -3)$, $\cos\angle(MK; NL) = \frac{|0\cdot 0 + 6\cdot 12 - 4\cdot 3|}{\sqrt{36+16}\cdot\sqrt{144+9}} =$

$= \frac{60}{2\sqrt{13}\cdot 3\sqrt{17}} = \frac{10\sqrt{221}}{221} \approx 0{,}673$, $\angle(MK; NL) \approx 48°$.

Ж а у а б ы. $\approx 48°$.



99-сурет

СҰРАҚТАР

1. Екі түзудің арасындағы бұрышты қандай формуламен табуға болады?
2. Кеңістіктегі екі түзудің параллельдік және перпендикулярлық шарттарын жазыңдар.

ЖАТТЫҒУЛАР

А деңгейі

218. а) $\frac{x+2}{5} = \frac{y-1}{4} = \frac{z-2}{3}$ және $\frac{x+2}{15} = \frac{y-1}{12} = \frac{z-2}{9}$ түзулері параллель болатынын;

ә) $\frac{x+2}{5}=\frac{y-1}{4}=\frac{z-2}{3}$ және $\frac{x+2}{2}=\frac{4(y-1)}{-19}=\frac{z-2}{3}$ түзулері перпендикуляр болатынын дәлелдеңдер.

219. Мына теңдеулермен берілген түзулердің арасындағы бұрышты табыңдар:

а) $\frac{x-2}{2}=\frac{y+3}{2}=\frac{z-4}{1}$ және $\frac{x+1}{2}=\frac{y-3}{4}=\frac{z+1}{4}$;

ә) $\frac{x-5}{-3}=\frac{y+1}{12}=\frac{z+2}{-4}$ және $\frac{x+7}{2}=\frac{y-3}{3}=\frac{z-4}{6}$.

220. а) $\frac{x+2}{-4}=\frac{y-1}{2\sqrt{2}}=\frac{z}{-2\sqrt{2}}$ түзуі мен абсцисса осінің арасындағы;

ә) $\frac{x}{2\sqrt{2}}=\frac{y+1}{4\sqrt{3}}=\frac{z}{2\sqrt{2}}$ түзуі мен ордината осінің арасындағы бұрышты табыңдар.

221. а) $\vec{a}\,(0; -1; 2)$, $\vec{b}\,(2; 1; 2)$ векторлары берілген. $\vec{c}=\vec{a}+\vec{b}$ және $\vec{d}=\vec{a}-\vec{b}$ векторларын қамтитын түзулердің арасындағы бұрышты табыңдар.

ә) $\vec{p}\,(1; -2; 3)$, $\vec{q}\,(0; 4; -5)$ векторлары берілген. $\vec{a}=2\vec{p}+\vec{q}$ және $\vec{b}=-2\vec{p}-3\vec{q}$ векторлары жататын түзулердің арасындағы бұрышты табыңдар.

222. а) $A(-1; -2; 4)$, $B(-4; -2; 0)$, $C(3; -2; 1)$ нүктелері төбелері болатын үшбұрыш берілген. Осы үшбұрыштың орта сызықтарын қамтитын түзулердің арасындағы бұрыштарды табыңдар.

ә) $A(3; -2; 1)$, $B(3; 0; 2)$ және $C(1; 2; 5)$ нүктелері төбелері болатын үшбұрыш берілген. 1) AB және BC; 2) AC және BM түзулерінің арасындағы бұрышты табыңдар, мұндағы M – AC-ның ортасы.

223. $A(3; 2; -3)$, $B(5; 1; -1)$ және $C(1; -2; 1)$ нүктелері төбелері болатын үшбұрыш берілген. Осы үшбұрыштың AC қабырғасы мен AL биссектрисасы жататын түзулердің арасындағы бұрышты 1°-қа дейінгі дәлдікпен табыңдар.

224. $A(1; 2; 2)$, $B(1; 4; -1)$ және $C(-1; 2; 5)$ нүктелері төбелері болатын үшбұрыштың ең үлкен бұрышын табыңдар.

225. $A(1; 0; 2)$, $B(2; 1; 0)$ және $C(1; 2; 0)$ нүктелері – $ABCD$ параллелограмының тізбектес төбелері. AC мен BD түзулерінің арасындағы бұрышты табыңдар.

226. $PABCD$ пирамидасының табаны – $ABCD$ шаршысы, оның қабырғасы 4-ке тең. Пирамиданың 6-ға тең PB қыры – оның биіктігі. AP мен BD түзулерінің арасындағы бұрышты табыңдар.

227. Тікбұрышты $ABCDA_1B_1C_1D_1$ параллелепипеді берілген, онда $AB = 7$, $BC = 8$, $BB_1 = 10$, M және N нүктелері, сәйкесінше, AD және CC_1 қырларының орталары. а) AB және MN; ә) CB_1 және MN түзулерінің арасындағы бұрышты табыңдар.

228. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ параллелепипедінің төбелерінің координаталары: $B(1; 2; 3)$, $A(9; 6; 4)$, $C(5; 2; 6)$, $B_1(3; 0; 4)$. BB_1 мен CD түзулерінің арасындағы бұрышты 1°-қа дейінгі дәлдікпен табыңдар.

В деңгейі

229. а) $\begin{cases} x - y = 0, \\ y + z = 0 \end{cases}$ мен $\begin{cases} x + y + z = 0, \\ 2x + 3y + z = 0; \end{cases}$

ә) $\begin{cases} 2x + y - z = 0, \\ x + 2y + z = 0 \end{cases}$ мен $\begin{cases} x - y + 2z = 0, \\ -x + 2y - z = 0; \end{cases}$

б) $\begin{cases} x - y - z - 1 = 0, \\ x + y + z + 1 = 0 \end{cases}$ мен $\begin{cases} -x + y + 2z + 3 = 0, \\ 2x - y - z + 4 = 0 \end{cases}$ теңдеулерімен берілген түзулердің арасындағы бұрышты табыңдар.

230. Түзулердің перпендикулярлық белгісін пайдаланып, $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубының AC_1 диагоналі A_1BD жазықтығына перпендикуляр болатынын дәлелдеңдер.

231. Рубиктің текшесі $ABCDA_1B_1C_1D_1$ деп белгіленген және координаталар жүйесіне орналастырылған деп елестетіңдер. Онда K және M нүктелері, сәйкесінше, AA_1 және AD қырларының орталары, N нүктесі CC_1D_1D жағының центрі болсын. а) B_1M және KN; ә) MN және B_1D түзулерінің арасындағы бұрышты табыңдар.

Рубиктің текшесіне қойылған ескерткіш, Будапешт қ., Венгрия

232. $PABCD$ дұрыс пирамидасының табан қабырғасының ұзындығы 12-ге тең. Пирамиданың биіктігі 18-ге тең, K нүктесі PC қырын $PK : KC = 2 : 1$ қатынасында бөледі. а) AK және BD; ә) BK және AD түзулерінің арасындағы бұрышты 1°-қа дейінгі дәлдікпен табыңдар.

233. $PABCD$ пирамидасының $ABCD$ табаны – ромб, оның диагональдары $AC = 16$, $BD = 9$, O – диагональдарының қиылысу нүктесі, PO – пирамиданың биіктігі, $PO = 12$. AD мен PC түзулерінің арасындағы бұрышты 1°-қа дейінгі дәлдікпен табыңдар.

234. $ABCA_1B_1C_1$ тік призмасының бүйір қыры 12-ге тең, оның табаны – катеттері $AC = 5$, $BC = 12$ болатын тікбұрышты үшбұрыш. AB мен CB_1 түзулерінің арасындағы бұрышты табыңдар.

C деңгейі

235. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубы берілген, O – оның диагональдарының қиылысу нүктесі, $M \in DC$ және $CM : MD = 1 : 4$. OM мен AM түзулерінің арасындағы бұрышты $1°$-қа дейінгі дәлдікпен табыңдар.

236. $PABC$ пирамидасы берілген, оның табанының төбелері $A(5;\ 1;\ -1)$, $B(5;\ -2;\ 2)$ және $C(2;\ -2;\ 1)$, ал P төбесі Oz осіне тиісті және $\overrightarrow{PC} \perp \overrightarrow{CB}$. PC мен AB түзулерінің арасындағы бұрышты табыңдар.

237. Дұрыс төртбұрышты $PABCD$ пирамидасының әрбір қырының ұзындығы a-ға тең, K нүктесі PC қырын $PK : KC = 1 : 2$ қатынасында бөледі. а) AK және DC; ә) BK және AD түзулерінің арасындағы бұрышты табыңдар.

238. Дұрыс $DABC$ тетраэдрінде K нүктесі – AD қырының ортасы, M және N нүктелері, сәйкесінше, ABC мен BCD жақтарының центрлері. а) MN және AB; ә) MK және AC түзулерінің арасындағы бұрышты табыңдар.

10. Түзу мен жазықтықтың, екі жазықтықтың арасындағы бұрыш

Тақырыпты оқу барысында:

• түзу мен жазықтықтың, екі жазықтықтың арасындағы бұрышты табу формулаларын білесіңдер;

• оларды қорытып шығарасыңдар және есептер шығаруда қолданасыңдар.

$A_1(x_1; y_1; z_1)$ және $A_2(x_2; y_2; z_2)$ нүктелерінен өтетін түзу мен $ax + by + cz + d = 0$ теңдеуімен берілген α жазықтығының арасындағы бұрышты табу формуласын қорытып шығарайық. α жазықтығына перпендикуляр $\vec{n}(a;\ b;\ c)$ және $\overrightarrow{A_1A_2}(x_2 - x_1;\ y_2 - y_1;\ z_2 - z_1)$ векторларын қарастырайық (100-сурет). $\angle(A_1A_2;\ \alpha) = \varphi$ деп, ал $\angle(\vec{n};\ \overrightarrow{A_1A_2}) = \beta$ деп белгілейік. Сонда:

$$\cos\beta = \frac{\vec{n}\cdot\overrightarrow{A_1A_2}}{|\vec{n}|\cdot|\overrightarrow{A_1A_2}|}.$$

$0° \le \beta \le 90°$ болса, $\varphi = 90° - \beta$ болады (100, *а*-сурет); $90° < \beta \le 180°$ болса, $\varphi = \beta - 90°$ болады (100, *ә*-сурет). Екі жағдайда да $\mathbf{\sin\varphi = |\cos\beta|}$, сонда:

$$\boldsymbol{\sin\varphi} = \frac{|\vec{n}\cdot\overrightarrow{A_1A_2}|}{|\vec{n}|\cdot|\overrightarrow{A_1A_2}|} \text{ немесе } \sin\varphi = \frac{|a(x_2 - x_1) + b(y_2 - y_1) + c(z_2 - z_1)|}{\sqrt{a^2 + b^2 + c^2}\cdot\sqrt{(x_2 - x_1)^2 + (y_2 - y_1)^2 + (z_2 - z_1)^2}}.$$



100-сурет

Егер $\sin\varphi = 1$ болса, онда $\angle(A_1A_2;\ \alpha) = 90°$; егер $\sin\varphi = 0$ болса, онда $\angle(A_1A_2;\ \alpha) = 0°$ болатынын атап өтелік.

Қиылысатын жазықтықтардың арасындағы бұрыштың шамасына сол жазықтықтардан құралған екіжақты бұрыштың 90°-тан артық емес градустық өлшемі алынатынын еске салайық. Жазықтықтар $a_1x + b_1y + c_1z + d = 0$

және $a_2x + b_2y + c_2z + d = 0$ теңдеулерімен берілген болсын. Егер $\angle(\vec{n_1}; \vec{n_2})$ $90°$-тан артық болмаса, онда олардың арасындағы γ бұрышы оларға перпендикуляр $\vec{n_1}(a_1; b_1; c_1)$ және $\vec{n_2}(a_2; b_2; c_2)$ векторларының арасындағы бұрышқа тең болады (101, *а*-сурет), егер $\angle(\vec{n_1}; \vec{n_2})$ доғал бұрыш болса, онда $\gamma = 180° - \angle(\vec{n_1}; \vec{n_2})$ (101, *ә*-сурет). Екі жағдайда да $\mathbf{\cos\gamma = |\cos\angle(\vec{n_1}; \vec{n_2})|}$.



101-сурет

Демек, $\cos\gamma = \dfrac{|\vec{n_1} \cdot \vec{n_2}|}{|\vec{n_1}| \cdot |\vec{n_2}|}$ немесе $\cos\gamma = \dfrac{|a_1 \cdot a_2 + b_1 \cdot b_2 + c_1 \cdot c_2|}{\sqrt{a_1^2 + b_1^2 + c_1^2} \cdot \sqrt{a_2^2 + b_2^2 + c_2^2}}$.

Егер жазықтықтарға перпендикуляр $\vec{n_1}(a_1; b_1; c_1)$ және $\vec{n_2}(a_2; b_2; c_2)$ векторлары коллинеар болса, онда жазықтықтар параллель болады. Параллель жазықтықтардың арасындағы бұрыш $0°$-қа тең деп алынады. Егер $a_1 \cdot a_2 + b_1 \cdot b_2 + c_1 \cdot c_2 = 0$ болса, онда жазықтықтардың арасындағы бұрыш тік болады.

1 - е с е п. а) $A_1(1; 2; -3)$ және $A_2(-2; 0; 3)$ нүктелерінен өтетін түзу мен $x + y + z = 0$ жазықтығының арасындағы бұрышты; ә) $3y - z - 2 = 0$ және $-2y - z + 5 = 0$ жазықтықтарының арасындағы бұрышты табу керек.

Ш е ш у і. а) Ізделінді бұрыш φ-ге тең болсын, сонда $\sin\varphi = \dfrac{|\vec{n} \cdot \overrightarrow{A_1A_2}|}{|\vec{n}| \cdot |\overrightarrow{A_1A_2}|}$.

$\vec{n}$ және $\overrightarrow{A_1A_2}$ векторларының координаталарын жазайық: $\vec{n}(1; 1; 1)$, $\overrightarrow{A_1A_2}(-3; -2; 6)$. Сонда $\sin\varphi = \dfrac{|-3 - 2 + 6|}{\sqrt{3} \cdot \sqrt{49}} = \dfrac{1}{\sqrt{3} \cdot 7} = \dfrac{\sqrt{3}}{21}$, $\varphi = \arcsin\dfrac{\sqrt{3}}{21}$ болады.

ә) Ізделінді бұрыш γ-ға тең болсын. Берілген жазықтықтарға перпендикуляр векторлар: $\vec{n_1}(0; 3; -1)$ және $\vec{n_2}(0; -2; -1)$. Сонда $\cos\gamma = \dfrac{|0 - 6 + 1|}{\sqrt{10} \cdot \sqrt{5}} = \dfrac{5}{5\sqrt{2}} = \dfrac{1}{\sqrt{2}}$, $\gamma = 45°$.

Ж а у а б ы. а) $\arcsin\dfrac{\sqrt{3}}{21}$; ә) $45°$.

2 - е с е п. Барлық жақтары тең $DABC$ тетраэдрі берілген, оның төбелерінің координаталары: $D(0;\ 0;\ 10)$, $A(6;\ 0;\ 0)$, $B(6;\ 8;\ 10)$. Оның AD қыры мен ABC жазықтығының арасындағы бұрышты 1°-қа дейінгі дәлдікпен табу керек.

Ш е ш у і. Тетраэдрдің берілген төбелерінің координаталарын ескере отырып, координаталар жүйесіне өлшемдері 6, 8, 10 болатын тікбұрышты параллелепипед саламыз (102-сурет). Сонда параллелепипедтің жақтарының диагональдары $DABC$ тетраэдрінің қырлары болады және $C(0;\ 8;\ 0)$, $\overrightarrow{AD}(-6;\ 0;\ 10)$. ABC жазықтығының теңдеуі $20x + 15y - 12z - 120 = 0$ болады (бұған өздігінен көз жеткізіңдер).



102-сурет

Ізделінді бұрыш φ-ге тең болсын, сонда $\sin\varphi = \dfrac{|20\cdot(-6)+15\cdot 0-12\cdot 10|}{\sqrt{400+225+144}\cdot\sqrt{136}} = \dfrac{120}{\sqrt{769}\cdot\sqrt{34}} \approx$ $\approx 0{,}742$, $\varphi \approx 48°$.

Ж а у а б ы. $\approx 48°$.

3 - е с е п. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубы берілген, оның M, N, K нүктелері, сәйкесінше, CC_1, AA_1, AD қырларының орталары. BNK және A_1B_1M жазықтықтарының арасындағы бұрышты табу керек.



103-сурет

Ш е ш у і. Кубтың қыры 1-ге, ал ізделінді бұрыш γ-ға тең болсын. Координаталар жүйесін енгізейік, B төбесі – координаталар басы, ал Ox, Oy және Oz осьтері, сәйкесінше, кубтың BA, BC, BB_1 қырларын қамтитын болсын (103-сурет). Мына нүктелердің координаталарын жазайық: $B(0;\ 0;\ 0)$, $N\left(1;\ 0;\ \frac{1}{2}\right)$, $K\left(1;\ \frac{1}{2};\ 0\right)$, $A_1(1;\ 0;\ 1)$, $B_1(0;\ 0;\ 1)$, $M\left(0;\ 1;\ \frac{1}{2}\right)$. Сонда BNK және A_1B_1M жазықтықтарының теңдеулері $x - 2y - 2z = 0$ және $y + 2z - 2 = 0$ болады (бұған өздігінен көз жеткізіңдер). Осы жазықтықтарға перпендикуляр векторларды жазайық: $\vec{n_1}(1;\ -2;\ -2)$, $\vec{n_2}(0;\ 1;\ 2)$. Сонда $\cos\gamma = \dfrac{|0-2-4|}{\sqrt{9}\cdot\sqrt{5}} =$ $= \dfrac{2}{\sqrt{5}} = \dfrac{2\sqrt{5}}{5}$, $\gamma = \arccos\dfrac{2\sqrt{5}}{5}$.

Ж а у а б ы. $\arccos\dfrac{2\sqrt{5}}{5}$.

СҰРАҚТАР

1. Түзу мен жазықтықтың арасындағы бұрышты қандай формуламен табуға болады?

2. Екі жазықтықтың арасындағы бұрышты қалай табуға болады?

ЖАТТЫҒУЛАР

А деңгейі

239. $\vec{a}(6; 2; -3)$ векторының: а) $3x - 2y + 6z - 1 = 0$; ә) $-3x - 4y + 7 = 0$ жазықтығымен жасайтын бұрышын табыңдар.

240. $\vec{c}(-3; 0; 4)$ векторы жататын түзудің: а) $4x + 6y + 3z = 0$; ә) $3x - 4z + 2 = 0$ жазықтығымен жасайтын бұрышын табыңдар.

241. а) $\frac{x+2}{5} = \frac{y-3}{2} = \frac{z+4}{4}$ түзуі $-4x - 6y + 8z - 1 = 0$ жазықтығына параллель болатынын; ә) егер $A(1; -2; 4)$, $B(-7; 11; 8)$ болса, AB түзуі $-8x + 13y + 4z - 1 = 0$ жазықтығына перпендикуляр болатынын дәлелдеңдер.

242. $A(3; 8; 1)$ және $B(-3; 5; 3)$ нүктелері арқылы өтетін түзу мен: а) xOy; ә) yOz жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.

243. $A(-2; 4; -3)$ және $B(0; 3; -5)$ нүктелері арқылы өтетін түзу мен: а) $\frac{x}{2} + \frac{y}{8} + \frac{z}{6} + 1 = 0$; ә) $\frac{3x}{14} + \frac{3y}{7} - \frac{3z}{7} + 1 = 0$ жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.

244. а) $-4x + 2y + 4z - 5 = 0$ және $2x - 2y + 3 = 0$;
ә) $-x + 2y - 2z + 3 = 0$ және $6x + 3y - 6z - 2 = 0$;
б) $2x + 5y - z = 0$ және $x - y - 3z + 4 = 0$;
в) $x + y + z + 2 = 0$ және $4x - 4y + 2z - 3 = 0$ жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңдар.



104-сурет

245. $A(0; 0; 0)$, $B(1; 1; 1)$, $C(3; 2; 1)$ және $D(5; 4; 0)$ болса, ABC мен ABD жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңдар.

246. $PABC$ тетраэдрі берілген оның A төбесіндегі жазық бұрыштары тік, $AB = AC = 5$ см, $AP = 10$ см. M нүктесі – AP қырының ортасы, N нүктесі PC қырын $PN : NC = 2 : 3$ қатынасында бөледі (104-сурет). MN түзуі мен: а) ABC; ә) PBC жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.

247. $PABC$ тетраэдрі берілген, онда $\angle APB = \angle APC = 45°$, ал A төбесіндегі жазық бұрыштары тік. а) AB түзуі мен BCP жазықтығының; ә) ABC мен BCP жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңдар.

248. Дұрыс төртбұрышты $PABCD$ пирамидасы берілген, оның биіктігі мен табанының диагональдары 8 см-ден. M нүктесі – PH биіктігінің ортасы. а) DM түзуі мен CDP жазықтығының; ә) APD мен ACD жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңдар.

В деңгейі

249. Координаталар басынан және $M(1; 2; 3)$ нүктесінен өтетін түзу мен $\vec{p}\,(3; 1; -1)$ векторына параллель, координаталар басын және $C(0; 2; -1)$ нүктесін қамтитын жазықтықтың арасындағы бұрышты 1°-қа дейінгі дәлдікпен табыңдар.

250. $M(-2; 0; -1)$ және $N(10; 3; 3)$ нүктелерінен өтетін түзу мен Oz осіне параллель болатын және $A(1; -2; 0)$, $B(3; 1; 0)$ нүктелерін қамтитын жазықтықтың арасындағы бұрышты 1°-қа дейінгі дәлдікпен табыңдар.

251. Дұрыс төртбұрышты $ABCDA_1B_1C_1D_1$ призмасының бүйір қыры табан қабырғасынан екі есе ұзын. BD_1 түзуі мен B_1C_1D жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.

252. $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубы берілген. $ABCD$ және DD_1C_1C жақтарының центрлері арқылы өтетін түзу мен AB, BB_1 және CC_1 қырларының орталары арқылы өтетін жазықтықтың арасындағы бұрышты табыңдар.

С деңгейі

253. $M(1; -1; 2)$ нүктесінен өтетін және:

а) $\begin{cases} 3x - y - z - 1 = 0, \\ 2x + y + 3z + 4 = 0; \end{cases}$ ә) $\begin{cases} x + y + z - 5 = 0, \\ -x + 4y + 3 = 0 \end{cases}$ түзуіне перпендикуляр жазықтықтың теңдеуін құрыңдар.

254. $\vec{a}\,(1 - t; 4 + t; t)$ векторының ұзындығы ең кіші. Осы векторды қамтитын түзу мен $4x - 4y + 2z - 7 = 0$ жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.

255. Әрбір қыры 2-ге тең үшбұрышты тік $ABCA_1B_1C_1$ призмасы берілген. O мен O_1 нүктелері, сәйкесінше, AB мен A_1B_1 қырларының орталары, K нүктесі C_1O_1 сәулесіне тиісті, әрі $O_1K = C_1O_1$ (105-сурет). а) OK түзуі мен ABC жазықтығының; ә) ABC мен KBC_1 жазықтықтарының арасындағы бұрышты 1°-қа дейінгі дәлдікпен табыңдар.



105-сурет

11. «Түзу мен жазықтық теңдеулерінің қолданылуы» бөлімін қайталауға арналған жаттығулар

А деңгейі

256. $A(-1; 3; 0)$, $B(0; 2; -5)$ және $C(4; -6; -1)$ нүктелері төбелері болатын үшбұрыш берілген. Оның A төбесі арқылы өтетін және AM медианасына перпендикуляр жазықтықтың теңдеуін жазыңдар.

257. $\begin{cases} 3x + y - z - 2 = 0, \\ 7x + y + z - 4 = 0 \end{cases}$ түзуі $x + y - 2z - 1 = 0$ жазықтығында жата ма екенін зерттеңдер.

258. Түзу $\frac{x+5}{5} = \frac{y+4}{4} = \frac{z+3}{3}$ теңдеуімен берілген. Осы түзудің кайсыбір екі нүктесінен $2x + 2y - z = 0$ жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

259. t-ның қандай мәндерінде $\vec{a}(0; 1; t)$ және $\vec{b}(-1; 0; t)$ векторларын қамтитын түзулердің арасындағы бұрыш: а) $90°$; ә) $60°$-қа тең болады?

260. Түзулер $\frac{x-3}{2} = \frac{y+2}{1} = \frac{z-4}{3}$ және $\frac{x-1}{t^2} = \frac{y-3}{1} = \frac{z+2}{-3}$ теңдеулерімен берілген. t-ның қандай мәндерінде осы түзулер перпендикуляр болады?

261. $\vec{a}$, $\vec{b}$, $\vec{c}$ векторлары қос-қостан перпендикуляр, ал олардың ұзындықтары, сәйкесінше, 3, 2, 6-ға тең, $\vec{d} = \vec{a} + 3\vec{b} + \vec{c}$ және $\vec{p} = \vec{a} - \vec{b} - \vec{c}$. а) $\vec{d}$ мен $\vec{p}$ векторлары жататын түзулердің; ә) $\vec{d}$ векторын қамтитын түзу мен $x + 2y + 2z - 1 = 0$ жазықтығының; б) $\vec{d}$ және $\vec{p}$ векторларымен берілген жазықтық пен $\frac{x}{2} - \frac{y}{3} + \frac{z}{3} = 1$ жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.

262. Тікбұрышты $ABCDA_1B_1C_1D_1$ параллелепипедінде $AB = AD = 2$, $DD_1 = 4$. а) A нүктесінен C_1NK жазықтығына дейінгі қашықтықты, мұндағы N – BC-ның, K – DC-ның ортасы; ә) AM түзуі мен BB_1D жазықтығының арасындағы бұрышты, мұндағы M – BB_1C_1C жағының центрі; б) BB_1D мен ABC_1 жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңдар.

В деңгейі

263. Oyz координаталар жазықтығынан 9-ға тең қашықтықтағы барлық нүктелер жиынынан тұратын фигураның теңдеуін жазыңдар.

264. $PABC$ дұрыс тетраэдрінің екі төбесі Ox осінде, ал үшіншісі $(0; 6; 0)$ нүктесінде жатыр. Оның PH биіктігін табыңдар.

265. $M(0; 0; 18)$ нүктесінен Oxy жазықтығына MK мен MN көлбеулері жүргізілген. Олардың осы жазықтықтағы ортогональ проекцияларының ұзындықтары, сәйкесінше, 40-қа және 30-ға тең, ал $KN = 50$. M нүктесінің Oxy жазықтығындағы ортогональ проекциясынан MNK жазықтығына дейінгі қашықтықты табыңдар.

266. Төбелері координаталар басы және $5x - 2y - 4z - 20 = 0$ жазықтығының координаталар осьтерімен қиылысу нүктелері болатын тетраэдрдің толық бетінің ауданын табыңдар.

267. $A(3; 4; 5)$, $B(3; 5; 4)$, $C(4; 3; 5)$, $D(4; 5; 3)$, $M(5; 3; 4)$, $N(5; 4; 3)$ нүктелері тиісті болатын жазықтық бар бола ма? Егер бар болса, онда координаталар басынан сол жазықтыққа дейінгі қашықтықты табыңдар.

268. $20{,}2x + 20{,}25y + 20{,}3z + 20500 = 0$ жазықтығы берілген. Координаталар басынан осы жазықтыққа дейінгі метрмен өрнектелген қашықтық Ақбет тауының биіктігінен кем, бірақ Айыртау тауының биіктігінен артық болатынын дәлелдеңдер.

Ақбет тауы,
Павлодар облысы

Айыртау тауы,
Солтүстік Қазақстан облысы

269. $\vec{a}\,(1; 0; -1)$ векторын қамтитын түзу: а) $y + kz - 3 = 0$; ә) $-x + ky + z - - 4 = 0$ жазықтығымен 30°-қа тең бұрыш жасайтындай k-ның мәнін табыңдар.

С деңгейі

270. $B(-1; 2; 3)$ және $C(-2; 3; 4)$ нүктелері берілген. $MB^2 - MC^2 = 16$ теңдігі ақиқат болатындай барлық $M(x; y; z)$ нүктелер жиыны қандай фигура құрайды? Осы фигураның теңдеуін жазыңдар.

271. $\overrightarrow{AB} = 4\vec{i} + 2\vec{j}$, $\overrightarrow{AC} = 3\vec{i} + 4\vec{j}$ векторлары берілген. AC мен CB түзулерінің арасындағы бұрышты табыңдар.

272. $\vec{a}$ мен $\vec{i}$ векторларының арасындағы бұрыш 120°-қа, ал $\vec{a}$ мен $\vec{k}$ векторларының арасындағы бұрыш 135°-қа тең. $\vec{a}$ мен $\vec{j}$ векторлары жататын түзулердің арасындағы бұрышты табыңдар.

273. $PABC$ тетраэдрі берілген. Оның төбесінің координаталары – $C(0; 4; 0)$ және AB қырының ортасы $M(2; 3; -2)$ берілген. Егер H нүктесі CM түзуіне тиісті, ал P төбесінің координаталары: а) $(1; 2; -1)$; ә) $(1; 2; 3)$ болса, тетраэдрдің PH биіктігін табыңдар.

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

Дұрыс жауабын таңдаңдар

274. $M(0; 0; 2)$ нүктесінен $x - y + z + 1 = 0$ жазықтығына дейінгі қашықтық неге тең?

1) $\sqrt{2}$;
2) $\frac{2}{\sqrt{3}}$;
3) $\sqrt{3}$;
4) $\frac{3}{\sqrt{2}}$;
5) $\frac{3}{2}$.

275. $\vec{a} = \vec{i} + \vec{j} + \vec{k}$ және $\vec{b} = \vec{i} - \vec{j} - \vec{k}$ векторларын қамтитын түзулердің арасындағы бұрыш неге тең?

1) $\arccos\left(-\frac{1}{3}\right)$;
2) $\arccos\frac{1}{3}$;
3) 45°;
4) 60°;
5) $\arccos\frac{1}{\sqrt{3}}$.

276. $A(-4; -4; 4)$, $B(-3; 2; 2)$, $C(2; 5; 1)$, $D(3; -2; 2)$ нүктелері берілген. Сонда AC мен BD түзулерінің арасындағы бұрыш неге тең?

1) 0°;
2) $\arccos\frac{2}{3\sqrt{182}}$;
3) 90°;
4) $\arccos\frac{1}{21\sqrt{17}}$;
5) 45°.

277. $A(2; 3; -4)$, $B(1; -4; 1)$ нүктелері арқылы өтетін түзу мен $2x - y + z + 1 = 0$ жазықтығының арасындағы бұрыштың синусы неге тең?

1) $\frac{2}{\sqrt{3}}$;
2) 0;
3) $-\frac{2}{3\sqrt{2}}$;
4) $\frac{\sqrt{2}}{3}$;
5) $-\frac{2}{\sqrt{3}}$.

278. $\begin{cases} x - y - z = 0, \\ 2x + y + z - 2 = 0 \end{cases}$ түзуі мен $2x - y + 2z + 1 = 0$ жазықтығының арасындағы бұрыш неге тең?

1) $\arcsin\frac{\sqrt{8}}{3}$;
4) $\arcsin\frac{5}{3\sqrt{6}}$;
2) $\arcsin\frac{1}{3\sqrt{3}}$;
5) $45°$.
3) $0°$;

279. $3x - y + z - 6 = 0$ және $x + y - 3z - 4 = 0$ теңдеулерімен берілген жазықтықтардың арасындағы бұрыш неге тең?

1) $\arccos\frac{1}{11}$;
4) $60°$;
2) $90°$;
5) $\arccos\left(-\frac{1}{11}\right)$.
3) $\arccos\frac{7}{11}$;

280. $PABC$ тетраэдрі берілген, PA қыры – оның биіктігі, әрі $PA = 6$, $\angle APC = \angle APB = 45°$, $\angle BPC = 60°$. M нүктесі – AP қырының ортасы, N нүктесі AC қырын A нүктесінен бастап есептегенде $1 : 2$, K нүктесі AB қырын A нүктесінен бастап есептегенде $2 : 1$ қатынасына бөледі. Сонда A нүктесінен MNK жазықтығына дейінгі қашықтық неге тең?

1) $\frac{12}{\sqrt{61}}$;
4) $\frac{1}{\sqrt{29}}$;
2) $\frac{3}{2}$;
5) $\frac{4}{3}$.
3) $\frac{12}{\sqrt{13}}$;

Жаттығуларды орындаңдар

281. $A_1(1; 0; 4)$ және $A_2(-2; 3; 0)$ нүктелері берілген. A_1A_2 кесіндісіне перпендикуляр және оның ортасы арқылы өтетін жазықтықтың теңдеуін жазыңдар.

282. $A(1; 2; 3)$, $B(-3; 3; 2)$ нүктелері берілген. MA мен MB түзулерінің арасындағы бұрышты табыңдар, мұндағы M – A мен B нүктелерінен бірдей қашықтықта жатқан абсцисса осінің нүктесі.

283. $A(1; -2; 3)$ мен $B(-3; 2; 5)$ нүктелерінен өтетін түзу мен $2x - 2y - z + 4 = 0$ жазықтығының арасындағы бұрышты табыңдар.

284. Тікбұрышты $ABCDA_1B_1C_1D_1$ параллелепипедінің табаны – қабырғасы 1-ге тең шаршы, ал бүйір қыры 2-ге тең. а) A_1 нүктесінен AB_1M жазықтығына дейінгі қашықтықты, мұндағы M нүктесі – DD_1 қырының ортасы; ә) BD_1 түзуі мен A_1BD жазықтығының арасындағы бұрышты; б) AB_1D_1 және A_1C_1D жазықтықтарының арасындағы бұрышты табыңдар.

БҰЛ ҚЫЗЫҚТЫ!

Теоремаларды дәлелдеуге, стереометриялық есептерді шығаруға координаталарды қолдану француз математиктері Алекси Клод Клероның (1713–1765), Гаспар Монждың (1746–1818), Жозеф Луи Лагранждың (1736–1813) және швейцар математигі Леонард Эйлердің (1707–1783) ғылыми еңбектерінің арқасында XVIII ғасырда кең тарала бастады.

Г. Монж жазықтықтың берілген нүктеден өтіп, берілген түзуге перпендикуляр теңдеуін құру, берілген нүктеден берілген түзуге дейінгі қашықтықты табу есептерін шешті. Ж. Лагранж алғашқылардың бірі болып тетраэдрдің қырының ұзындығы мен жақтарының аудандарын табуға координаталарды қолданды.

С. Лакруа

Кеңістіктегі аналитикалық геометрия француз ғалымы Сильвестр Франсуа Лакруаның (1765–1843) еңбегінде қазіргі түріне келетіндей баяндалған. «Аналитикалық геометрия» терминін де ол енгізген. «Аналитикалық геометрия бастамалары» деп аталатын бірінші кітап француз математигі Жан Гийом Гарньенің (1766–1840) 1808 жылы басылған оқулығы болатын.

III. АЙНАЛУ ДЕНЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Бөлімді оқу нәтижесінде

- айналу денесі мен оның жазбасы ұғымдарын;
- цилиндрдің, конустың, қиық конустың, сфераның, шардың және олардың элементтерінің анықтамаларын;
- цилиндрдің, конустың, қиық конустың, шардың жазықтықпен қимасы ұғымдарын;
- жазықтық пен сфераның өзара орналасуын;
- сфераға жанама жазықтықтың анықтамасын және қасиеттерін;
- цилиндрдің, конустың, қиық конустың, шардың беттері аудандарының формулаларын **білу керек.**

- цилиндрді, конусты, қиық конусты, сфераны, шарды және олардың элементтерін жазықтықта кескіндей алу;
- цилиндрдің, конустың, қиық конустың жазбаларын жасай білу;
- цилиндрдің, конустың, қиық конустың, шардың жазықтықпен қималарын кескіндей алу;
- айналу денелерінің (цилиндр, конус, қиық конус, шар) элементтерін табуға берілген есептерді шығара алу;
- шардың жанама жазықтығына және оның жазықтықпен қималарына байланысты есептерді шығара алу;
- цилиндрдің, конустың, қиық конустың, шардың беттері аудандарының формулаларын қорытып шығару және есептер шығаруда қолдана **алу керек.**

12. Цилиндр және оның элементтері. Цилиндрдің жазықтықпен қимасы

Тақырыпты оқу барысында:

- айналу денелері ұғымдарын білесіңдер;
- цилиндрдің, оның элементтерінің анықтамаларын білесіңдер;
- цилиндрді және оның қималарын кескіндей аласыңдар;
- цилиндрдің элементтерін табуға берілген есептерді шығарасыңдар.



106-сурет

Жазық фигураны түзуден айналдырғанда пайда болған дене айналу денесі деп аталады. Мұндағы түзу *айналу осі* деп аталады. Мысалы, *MPNK* төртбұрышын *m* осінен айналдырғанда, 106-суретте кескінделген айналу денесі шығады.

Айналу денесі ұғымы кеңістіктегі фигуралардың бұру деп аталатын қозғалыс түрімен тікелей байланысты.



107-сурет

487. Үшбұрышты призманың бүйір қырларының арақашықтығы 37 см, 13 см және 30 см, ал бүйір бетінің ауданы 480 см^2-ге тең. Призманың көлемін табыңдар.

488. Үшбұрышты призманың бүйір жақтарының бірінің ауданы Q-ға тең, ал осы жағының жазықтығынан оған қарсы жатқан бүйір қырына дейінгі қашықтық d-ға тең. Призманың көлемін табыңдар.

C деңгейі

489. а) Сыбайлас бүйір жақтарының периметрлері 16 см-ге және 24 см-ге тең, бүйір бетінің ауданы ең үлкен болатын тікбұрышты параллелепипедтің көлемін табыңдар.

ә) Табан қабырғаларының қатынасы 3 : 5, кіші бүйір жағының периметрі 36 см-ге тең, көлемі ең үлкен болатын тікбұрышты параллелепипедтің бүйір бетінің ауданын табыңдар.

490. а) Тік параллелепипедтің биіктігі h-қа тең, ал табан қабырғалары – a және b. Параллелепипедтің көлемі ең үлкен болуы үшін оның бүйір қырындағы екіжақты бұрышы неге тең болуы керек? Сол көлемді табыңдар.

ә) Үш өлшемінің қосындысы d-ға тең барлық тікбұрышты параллелепипедтердің ішіндегі көлемі ең үлкен қыры $\frac{d}{3}$-ке тең куб болатынын дәлелдеңдер.

491. а) Табан қабырғаларының қатынасы 1 : 2, көлемі 9 м^3-ге тең болатын тікбұрышты параллелепипед пішінді жәшікті қақпағымен жасау керек. Оның толық бетінің ауданы ең кіші болуы үшін жәшіктің өлшемдері қандай болуы керек?

ә) Дұрыс үшбұрышты призманың көлемі 16 дм^3-ге тең. Призманың толық бетінің ауданы ең кіші болуы үшін, оның табан қабырғалары мен биіктігі қандай болуы керек?

22. Пирамиданың және қиық пирамиданың көлемдері

Тақырыпты оқу барысында:

• пирамида мен қиық пирамиданың көлемдерінің формулаларын білесіңдер;

• әртүрлі пирамидалардың көлемдерін табуға берілген есептерді шығарасыңдар.

Теорема. **Пирамиданың V көлемі оның табанының S ауданы мен h биіктігінің көбейтіндісінің үштен біріне тең:**

$$V = \frac{1}{3}S \cdot h.$$



166-сурет

Дәлелдеуі. Бұл формуланы денелердің көлемдерінің формуласын пайдаланып, қорытып шығарайық: $V = \int_a^b S(x)dx$. $S(x)$ – пирамиданың табан жазықтығына параллель және $PH = h$ биіктігіне перпендикуляр қайсыбір жазықтықпен қимасының ауданы, $x = PH_1$ болсын (166-сурет). Мұндай қиманың қасиеті бойынша: $\frac{S(x)}{S} = \frac{x^2}{h^2}$, $S(x) = \frac{S}{h^2} \cdot x^2$.

Сонда пирамиданың V көлемі:

$$V = \int_0^h S(x)dx = \int_0^h \frac{S}{h^2}x^2dx = \frac{S}{h^2}\int_0^h x^2dx = \frac{S}{h^2} \cdot \frac{x^3}{3}\Big|_0^h = \frac{1}{3}Sh.$$

Теорема. **Қиық пирамиданың V көлемі оның h биіктігінің табандарының S_1, S_2 аудандары мен олардың геометриялық ортасының қосындысына көбейтіндісінің үштен біріне тең:**

$$V = \frac{1}{3} \cdot h \cdot (S_1 + S_2 + \sqrt{S_1 \cdot S_2}).$$



167-сурет

Дәлелдеуі. Қиық пирамиданы толық пирамидаға дейін толықтырып салайық (167-сурет). Толық пирамиданың биіктігі x-ке тең болсын. Сонда $\frac{S_1}{S_2} = \left(\frac{x}{x-h}\right)^2$, бұдан $x = \frac{h \cdot \sqrt{S_1}}{\sqrt{S_1} - \sqrt{S_2}}$.

Қиық пирамиданың көлемі біреуінің табанының ауданы S_1, биіктігі x, екіншісінің табанының ауданы S_2, биіктігі $x - h$ болатын екі пирамиданың көлемдерінің айырымына тең. $x - h$ өрнегін түрлендіріп, мынаны аламыз:

$x - h = \dfrac{h \cdot \sqrt{S_1}}{\sqrt{S_1} - \sqrt{S_2}} - h = \dfrac{h \cdot \sqrt{S_1} - h\sqrt{S_1} + h\sqrt{S_2}}{\sqrt{S_1} - \sqrt{S_2}} = \dfrac{h \cdot \sqrt{S_2}}{\sqrt{S_1} - \sqrt{S_2}}$. Қиық пирамиданың көлемін өрнектейік:

$$V = \frac{1}{3}\left(S_1 \frac{h\sqrt{S_1}}{\sqrt{S_1} - \sqrt{S_2}} - S_2 \frac{h\sqrt{S_2}}{\sqrt{S_1} - \sqrt{S_2}}\right) = \frac{1}{3}h \cdot \frac{S_1\sqrt{S_1} - S_2\sqrt{S_2}}{\sqrt{S_1} - \sqrt{S_2}} =$$

$$= \frac{1}{3}h \cdot \frac{(\sqrt{S_1})^3 - (\sqrt{S_2})^3}{\sqrt{S_1} - \sqrt{S_2}} = \frac{1}{3}h \cdot \frac{(\sqrt{S_1} - \sqrt{S_2})(S_1 + S_2 + \sqrt{S_1 \cdot S_2})}{\sqrt{S_1} - \sqrt{S_2}} =$$

$$= \frac{1}{3}h \cdot (S_1 + S_2 + \sqrt{S_1 \cdot S_2}).$$

1 - е с е п. Дұрыс $PABC$ тетраэдрінің PH биіктігінің ортасындағы M нүктесінен оның A төбесіне дейінгі қашықтық d-ға тең болсын. Тетраэдрдің көлемін табу керек.

Ш е ш у і. Дұрыс $PABC$ тетраэдрінің қыры a-ға тең болсын (168-сурет), сонда $AH = \frac{2}{3} \cdot \frac{a\sqrt{3}}{2} = \frac{a\sqrt{3}}{3} = \frac{a}{\sqrt{3}}$, $PH = \sqrt{AP^2 - AH^2} = \sqrt{a^2 - \frac{a^2}{3}} = \frac{a\sqrt{2}}{\sqrt{3}} = \frac{2a}{\sqrt{6}}$, $MH = \frac{1}{2}PH = \frac{a}{\sqrt{6}}$.



168-сурет

AMH үшбұрышынан мынаны аламыз: $AM^2 = AH^2 + HM^2$, яғни $d^2 = \frac{a^2}{3} + \frac{a^2}{6}$, $d^2 = \frac{a^2}{2}$, $a^2 = 2d^2$, $a = d\sqrt{2}$.

Сонда $S_{\text{таб.}} = \dfrac{a^2\sqrt{3}}{4} = \dfrac{2d^2\sqrt{3}}{4} = \dfrac{d^2\sqrt{3}}{2}$, $PH = \dfrac{2d\sqrt{2}}{\sqrt{6}} = \dfrac{2d}{\sqrt{3}}$.

Демек, $V_{PABC} = \dfrac{1}{3} \cdot S_{\text{таб.}} \cdot PH = \dfrac{1}{3} \cdot \dfrac{d^2\sqrt{3}}{2} \cdot \dfrac{2d}{\sqrt{3}} = \dfrac{1}{3}d^3$.

Ж а у а б ы. $\frac{1}{3}d^3$.

2 - е с е п. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың табан қабырғалары 5 м және 2 м, ал бүйір жағының α сүйір бұрышы 60°-қа тең. Осы қиық пирамиданың көлемін 0,1 $м^3$-ге дейінгі дәлдікпен табу керек.

Ш е ш у і. Берілген $ABCDA_1B_1C_1D_1$ қиық пирамидасында $AB = 5$ м, $A_1B_1 = 2$ м, $\angle B_1BA = 60°$ болсын (169-сурет).



169-сурет

Оның көлемі: $V = \frac{1}{3} \cdot OO_1 \cdot (5^2 + 2^2 + \sqrt{5^2 \cdot 2^2})$, мұндағы O мен O_1 нүктелері – берілген қиық пирамиданың табандарының центрлері.

Тікбұрышты KK_1N және BB_1H үшбұрыштарын қарастырып, OO_1 биіктігін табамыз, мұндағы K мен K_1 – AB мен A_1B_1 қабырғаларының орталары, $K_1N \perp OK$, $B_1H \perp AB$. Дұрыс төртбұрышты қиық пирамиданың табандары шаршылар болғандықтан, $BH = KN = \frac{AB - A_1B_1}{2} = \frac{5-2}{2} = \frac{3}{2}$ (см). Сонда $B_1H = K_1K = BH \cdot \operatorname{tg} 60° = \frac{3\sqrt{3}}{2}$, $O_1O = K_1N = \sqrt{K_1K^2 - KN^2} = \sqrt{\frac{27}{4} - \frac{9}{4}} = \frac{3\sqrt{2}}{2}$. Ізделінді көлем: $V = \frac{1}{3} \cdot \frac{3\sqrt{2}}{2} \cdot 39 = \frac{39\sqrt{2}}{2} \approx 27{,}6$ $(м^3)$.

Ж а у а б ы. $\approx 27{,}6$ $м^3$.

3 - е с е п. Қабырғасы 1 дм-ге тең шаршы пішінді қалың қағаздан дұрыс төртбұрышты пирамида бетінің жазбасын қиып алу керек. Қағаздың барлық төбелері пирамиданың төбесіне желімделуі керек. Пирамиданың көлемі ең үлкен болуы үшін, оның табан қабырғаларының ұзындықтары қандай болуы керек?



170-сурет

Ш е ш у і. $PABCD$ дұрыс пирамидасының табан қабырғасы x дм, ал биіктігі h дм болсын (170, a-сурет). Қағаздың диагоналі $\sqrt{2}$ дм-ге тең болатындықтан, $0 < x < \frac{\sqrt{2}}{2}$. K нүктесі DC қабырғасының ортасы болсын, сонда $PK = P_1K = \frac{\sqrt{2} - x}{2}$ болады (170, ә-сурет). Пирамиданың биіктігі: $h = \sqrt{\left(\frac{\sqrt{2} - x}{2}\right)^2 - \left(\frac{x}{2}\right)^2} = \sqrt{\frac{(\sqrt{2} - x - x)(\sqrt{2} - x + x)}{4}} = \sqrt{\frac{2 - 2\sqrt{2}x}{4}} = \frac{\sqrt{2}}{2}\sqrt{1 - \sqrt{2}x}$, ал оның көлемі: $V = \frac{1}{3} \cdot x^2 \cdot h = \frac{1}{3} \cdot x^2 \cdot \frac{\sqrt{2}}{2}\sqrt{1 - \sqrt{2}x} = \frac{\sqrt{2}}{6}\sqrt{x^4 - \sqrt{2}x^5}$. Бұл көлем ең үлкен болуы үшін $f(x) = x^4 - \sqrt{2}x^5$ функциясы ең үлкен мәнді қабылдауы керек, мұндағы $x \in \left(0; \frac{\sqrt{2}}{2}\right)$.

Бұл функцияны туындыны пайдаланып зерттейік: $f'(x) = 4x^3 - 5\sqrt{2} \cdot x^4 = x^3 \cdot (4 - 5\sqrt{2} \cdot x)$; егер $x = \frac{2\sqrt{2}}{5}$ болса, $f'(x) = 0$ болады.

Осы нүктенің маңында $f(x)$ функциясы таңбаны «+»-тен «–»-ке ауыстырады, демек, $x = \frac{2\sqrt{2}}{5}$ болғанда, функция ең үлкен мәнді қабылдайды. Сонымен, егер пирамиданың табан қабырғасы берілген қағаздың диагоналінің $\left(\frac{2}{5}\right)$-не тең болса, оның көлемі ең үлкен болады.

Ж а у а б ы. $\frac{2\sqrt{2}}{5}$ дм.

СҰРАҚТАР

а) Пирамиданың; ә) қиық пирамиданың көлемдерінің формулаларын жазыңдар.

ЖАТТЫҒУЛАР

А деңгейі

492. а) Бір металдан табандары тең шамалы, биіктіктері тең пирамида пішіндес екі бөлшек жасалды. Осы бөлшектердің массалары тең бе?

ә) Дұрыс n-бұрышты пирамиданы оның биіктігін қамтитын жазықтық арқылы қиған. Осы жазықтықпен қиылған көпжақтардың көлемдері тең бе?

493. а) $n = 4$; ә) $n = 3$ болса, әрбір қыры a-ға тең дұрыс n-бұрышты пирамиданың көлемін табыңдар.

494. Дұрыс төртбұрышты пирамиданың биіктігі 6 см-ге, ал табан қырындағы екіжақты бұрыштың тангенсі $\frac{15}{8}$-ке тең. Пирамиданың көлемін табыңдар.

495. Көлемі 9 $дм^3$-ге, ал табан қырындағы екіжақты бұрышы 45°-қа тең дұрыс үшбұрышты пирамиданың табан қырын табыңдар.

496. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың көлемі $\frac{1}{3}Sa$-ға тең болатынын дәлелдеңдер, мұндағы a – табан қабырғасы, S – пирамиданың бүйір қыры арқылы өтетін және табанына перпендикуляр қимасының ауданы.

497. Дұрыс қиық пирамиданың жоғарғы және төменгі табан қабырғалары, сәйкесінше, $2\sqrt{3}$ дм-ге және $4\sqrt{3}$ дм-ге, ал төменгі табан қырының екіжақты бұрышы 60°-қа тең. Егер қиық пирамида: а) төртбұрышты; ә) үшбұрышты болса, оның көлемін табыңдар.

498. Тоған шұңқыры дұрыс төртбұрышты қиық пирамида пішіндес. Оның жоғарғы табан қабырғасы 12 м-ге, төменгісі 10 м-ге тең, ал бүйір жақтары табан жазықтықтарына 45° бұрышпен көлбеген. Осы шұңқырға неше куб метр су сыяды?

499. Үшбұрышты $ABCPB_1C_1$ призмасы (171, *а*-сурет) 171, *ә*-суретте көрсетілгендей үш пирамидаға бөлінген. Осы пирамидалардың көлемдері неліктен тең болатынын түсіндіріңдер.



171-сурет

500. Кез келген үшбұрышты қиық пирамиданы үш тең шамалы қиық пирамидаға бөлуге бола ма? Егер болса, оны қалай істеуге болатынын түсіндіріңдер.

501. а) Көне дәуірдің орасан зор құрылыстарының бірі – Мысырдағы Хеопс пирамидасы, ол дұрыс төртбұрышты пирамида пішінді, оның биіктігі 150 м, бүйір қыры 200 м. Осы пирамиданың көлемін табыңдар.

ә) Массасы 42 карат алмаз дұрыс октаэдр пішіндес. Осы октаэдрдің қыры $\approx 1{,}72$ см деген ақиқат па? (Алмаздың тығыздығы 3,5 г/см^3, 1 карат 0,2 г-ға тең.)

502. Сүрлем дайындау шұңқыры табаны тіктөртбұрыш болатын қиық пирамида пішіндес. Оның төменгі табанының қабырғалары 13 м және 6 м, жоғарғы табанының үлкен қабырғасы 26 м, ал шұңқырдың тереңдігі 5 м. Егер ондағы сүрлемнің 1 м^3-нің массасы 0,5 т болса, барлығы неше тонна сүрлем салынған?

503. Пирамиданың биіктігі 8 см. Оның төбесінен 3 см қашықтықта табанына параллель жазықтық жүргізілген. Шыққан қиманың ауданы 27 см^2. Сонда пайда болған қиық пирамиданың көлемін табыңдар.

504. Табаны дұрыс алтыбұрыш болатын пирамиданың биіктігі 3 дм-ге тең. Осы биіктіктің төбесінен 1 дм қашықтықта жатқан нүктесінен оның табанына параллель, ауданы Q-ға тең қима өтеді. Берілген пирамидадан осы қима арқылы бөлінген қиық пирамиданың көлемін табыңдар.

В деңгейі

505. Пирамиданың табаны – тікбұрышты трапеция, оның бүйір қабырғаларының үлкені 12 см-ге, ал кіші сүйір бұрышы 30°-қа тең. Пирамиданың барлық бүйір жақтары табан жазықтығына бірдей көлбеген. Пирамиданың бүйір бетінің ауданы 90 см^2-ге тең болса, оның көлемін табыңдар.

506. а) Үшбұрышты пирамиданың бүйір қырлары өзара перпендикуляр және олардың әрқайсысы 6 дм-ге тең. Пирамиданың көлемін табыңдар.
ә) $PABC$ тетраэдрінің ABC табанының қабырғалары 5 дм, 6 дм, 7 дм, ал P төбесіндегі жазық бұрыштары тік. Тетраэдрдің көлемін 0,1 дм^3-ге дейінгі дәлдікпен табыңдар.

507. Дұрыс үшбұрышты қиық пирамиданың биіктігі $3\sqrt{3}$ см-ге, көлемі 189 см^3-ге тең, ал табандарының аудандарының қатынасы 1 : 4. Осы пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар.

508. Үшбұрышты пирамиданың екі бүйір жағы табан жазықтығына және өзара перпендикуляр. Осы жақтардың аудандары S-ке және Q-ға, ал олардың ортақ қыры b-ға тең. Пирамиданың биіктігінің ортасы арқылы оның табанына параллель қима жүргізілген. Пайда болған қиық пирамиданың көлемін табыңдар.

509. Үшбұрышты қиық пирамиданың бір табанының қабырғалары 2,7 дм, 2,9 дм және 5,2 дм-ге тең, басқа табанының периметрі 7,2 дм-ге, ал пирамиданың биіктігі 1 дм-ге тең. Осы пирамиданың көлемін табыңдар.

С деңгейі

510. а) Бүйір қыры 6 см-ге тең дұрыс төртбұрышты пирамиданың ең үлкен көлемін табыңдар.

ә) Барлық қырларының ұзындықтарының қосындысы 9 дм-ге тең дұрыс үшбұрышты пирамиданың ең үлкен көлемін табыңдар.

511. Бір металдан өзара тең емес қиық пирамида пішінді бөлшектер жасалады. Олардың табандарының аудандарының қосындылары және биіктіктері тең. Осы бөлшектердің массалары тең бе? Массасы ең үлкен болатын осындай бөлшек жасауға бола ма?

512. Үшбұрышты қиық пирамиданың көлемі V-ға, ал табандарының аудандарының қатынасы 4-ке тең. Жоғары табанының қабырғасы арқылы қарама-қарсы қырына параллель қиюшы жазықтық жүргізілген. а) Қиық пирамиданың көрсетілген жазықтықпен қимасы бөлетін әрбір көпжақтың көлемін табыңдар. ә) Ұқсас көпжақтардың көлемдерінің қатынасы олардың ұқсастық коэффициентінің кубына тең екенін дәлелдеңдер.

23. Цилиндрдің көлемі

Тақырыпты оқу барысында:

• цилиндрдің көлемінің формуласын білесіңдер;

• цилиндрдің және оның көпжақтармен комбинацияларының көлемдерін табуға берілген есептерді шығарасыңдар.

Т е о р е м а. **Цилиндрдің V көлемі оның табанының ауданы мен биіктігінің көбейтіндісіне тең:**

$$V = \pi R^2 h,$$

мұндағы R – табанының радиусы, h – цилиндрдің биіктігі.

Д ә л е л д е у і. Осы формуланы денелердің көлемдерінің $V = \int_a^b S(x)dx$ формуласын пайдаланып, қорытып шығарайық. $S(x)$ – цилиндрдің табан жазықтығына параллель және $O_1O = h$ биіктігіне перпендикуляр кез келген жазықтықпен қимасының ауданы, $x = O_1O_2$ болсын (172-сурет). $S(x) = S = \pi R^2$ болғандықтан, цилиндрдің V көлемі:



172-сурет

$$V = \int_0^h S(x)dx = \int_0^h Sdx = S\int_0^h dx = S \cdot x\Big|_0^h = Sh = \pi R^2 h.$$

1 - е с е п. 200 л су осьтік қимасының ауданы 36 дм^2-ге тең теңқабырғалы цилиндр пішіндес бөшкеге сыя ма?

Ш е ш у і. Цилиндрдің биіктігі h, табанының радиусы R болсын. Есептің шарты бойынша $h = 2R$, $4R^2 = 36$, бұдан $R = 3$ дм, $h = 6$ дм. Сонда цилиндрдің V көлемі: $V = 9 \cdot 6\pi \approx 170$ дм^3. 170 дм^3 = 170 л.

Ж а у а б ы. Сыймайды.

2 - е с е п. Көлемі 4 м^3-ге тең дұрыс үшбұрышты призмаға сырттай сызылған цилиндрдің ең кіші толық бетінің ауданы қандай болуы мүмкін? Осындай цилиндрдің көлемін табу керек.

Ш е ш у і. h призманың биіктігі, a табан қабырғасы болсын (173-сурет). Сонда есептің шарты бойынша $4 = \frac{a^2\sqrt{3}}{4} \cdot h$, бұдан $h = \frac{16}{a^2\sqrt{3}}$. Цилиндрдің табанының радиусы $R = \frac{a\sqrt{3}}{3}$ болатынын ескере отырып, оның толық бетінің ауданын табамыз: $S = 2\pi R^2 + 2\pi Rh = \left(\frac{a^2}{3} + \frac{a\sqrt{3}}{3} \times \times \frac{16}{a^2\sqrt{3}}\right) = \frac{2\pi}{3}\left(a^2 + \frac{16}{a}\right).$



173-сурет

$S(a) = \frac{2\pi}{3}\left(a^2 + \frac{16}{a}\right)$ функциясының ең кіші мәнін оның туындысын пайдаланып табамыз.

$S'(a) = \frac{2\pi}{3}\left(2a - \frac{16}{a^2}\right)$, егер $a = 2$ болса, $S'(a) = 0$ болады. Осы нүктенің маңында туындының таңбасы «минустан» «плюске» ауысатындықтан, $S(a)$ функциясы ең кіші мәнді $a = 2$ болғанда қабылдайды. Сонда $S(2) = \frac{2\pi}{3}(4 + 8) = 8\pi$, ал ізделінді аудан 8π м^2-ге тең болады.

Осы цилиндрдің көлемін өздігінен табыңдар.

Ж а у а б ы. 8π м^2; $\frac{16\pi\sqrt{3}}{9}$ м^3.

СҰРАҚТАР

Цилиндр көлемінің формуласын жазыңдар.

ЖАТТЫҒУЛАР

А деңгейі

513. Цилиндрдің көлемі 25 есе үлкейді.

а) Цилиндрдің табанының радиусы өзгермесе, оның биіктігі неше есе үлкейді?

ә) Цилиндрдің биіктігі өзгермесе, оның табанының радиусы неше есе үлкейді?

514. Көлемі 72 дм^3-ге тең цилиндрдің биіктігін 3 есе үлкейтіп, табанының радиусын 3 есе кішірейткен. Сонда шыққан цилиндрдің көлемі неге тең?

515. Қабырғалары 4 см-ге және 6 см-ге тең тіктөртбұрышты оның: а) үлкен қабырғасынан; ә) кіші қабырғасынан айналдырғанда шыққан дененің көлемі неге тең?

516. Толық бетінің ауданы 24π см^2-ге тең болатын теңқабырғалы цилиндрдің көлемін табыңдар.

517. а) Бүйір бетінің жазбасы қабырғасы 8 см-ге тең шаршы болатын; ә) бүйір бетінің жазбасында жасаушы диагональмен 60° бұрыш жасайтын, биіктігі h-қа тең цилиндрдің көлемін табыңдар.

518. Түбінің диаметрі 10 см-ге тең цилиндр пішіндес ыдысқа тас салғанда, ондағы судың деңгейі 2 см-ге көтерілді. Тастың көлемін 1 см^3-ге дейінгі дәлдікпен табыңдар.

519. Цилиндрдің төменгі табанының хордасы 4 см-ге тең. Осы хорда мен жоғарғы табанының центрінен құралған үшбұрыштың периметрі 12 см-ге тең және ол цилиндрдің табанымен $60°$ бұрыш жасайды. Цилиндрдің көлемін табыңдар.

520. Өлшемдері $2a$ м-ге және a м-ге тең тіктөртбұрыш – әртүрлі екі цилиндрдің бүйір бетінің жазбасы. Олардың көлемдерінің қатынасын табыңдар.

В деңгейі

521. а) Табан қабырғалары 6 см, 8 см және 10 см болатын тік үшбұрышты призмаға сырттай цилиндр сызылған. Цилиндрдің осьтік қимасының диагональдары өзара перпендикуляр болса, оның көлемін табыңдар.
ә) Табан қабырғалары 12 см, 16 см және 20 см болатын үшбұрышты тік призмаға іштей сызылған теңқабырғалы цилиндрдің көлемін табыңдар.

522. Жасаушысы 97 см-ге, табанының диаметрі 8,4 см-ге тең цилиндр пішіндес болат білікті жонғанда, оның диаметрі 0,2 см-ге кішірейеді. $\pi \approx 3{,}1416$ деп алып, біліктің массасы жонған кезде неше грамға азаятынын 1 г-ға дейінгі дәлдікпен табыңдар. (Болаттың тығыздығы 7,4 г/см^3.)

523. Цилиндрдің осьтік қимасының диагональдары $60°$ бұрышпен қиылысады, қиманың периметрі $(12 + 4\sqrt{3})$ дм-ге тең. Цилиндрдің ең үлкен мүмкін болатын көлемін табыңдар.

С деңгейі

524. Қақпақсыз цилиндр ыдысты дайындауға 75π см^2 қаңылтыр жұмсалады. Ыдыстың көлемі ең үлкен болуы үшін оның биіктігі мен табанының радиусы қандай болуы керек? (Тігісіне жұмсалатын материал есепке алынбайды.)

525. Қақпағы бар цилиндр бөшкеге 128π л сұйықтық сыяды. Осы бөшкені жасауға ең аз материал жұмсау үшін, оның биіктігі мен табанының радиусы қандай болуы керек? (Тігісіне жұмсалатын материал есепке алынбайды.)

24. Конустың және қиық конустың көлемдері

Тақырыпты оқу барысында:

• конус пен қиық конустың көлемдерінің формулаларын білесіңдер;

• конустың, қиық конустың, олардың көпжақтармен және дөңгелек беттермен комбинацияларының көлемдерін табуға берілген есептерді шығарасыңдар.

Т е о р е м а. **Конустың V көлемі оның табанының ауданы мен биіктігінің көбейтіндісінің үштен біріне тең:**

$$V = \frac{1}{3}\pi R^2 h,$$

мұндағы R – конустың табанының радиусы, h – конустың биіктігі.



174-сурет

Д ә л е л д е у і. Осы формуланы денелердің көлемдерінің $V = \int_a^b S(x)dx$ формуласын пайдаланып, қорытып шығарайық. $S(x)$ – конустың табан жазықтығына параллель және $PO = h$ биіктігіне перпендикуляр кез келген жазықтықпен қимасының ауданы, $S = \pi R^2$ – конустың табанының ауданы, $x = PO_1$ болсын (174-сурет). $\frac{S(x)}{S} = \frac{x^2}{h^2}$ болғандықтан, $S(x) = \frac{S}{h^2} \cdot x^2$ болады. Сонда конустың V көлемі:

$$V = \int_0^h S(x)dx = \int_0^h \frac{S}{h^2}x^2dx = \frac{S}{h^2}\int_0^h x^2dx = \frac{S}{h^2} \cdot \frac{x^3}{3}\bigg|_0^h = \frac{1}{3}Sh = \frac{1}{3}\pi R^2 h.$$

Т е о р е м а. **Қиық конустың V көлемі:**

$$V = \frac{1}{3}\pi h(R_1^2 + R_1R_2 + R_2^2),$$

мұндағы R_1 және R_2 – табандарының радиустары, ал h – оның биіктігі.



175-сурет

Д ә л е л д е у і. Берілген қиық конусты конусқа дейін толықтырып салайық (175-сурет). Конустың биіктігі $CO_1 = x$ болсын. Қиық конустың көлемі біреуінің табан радиусы R_1, биіктігі x, екіншісінің табан радиусы R_2, биіктігі $x - h$ болатын екі конустың көлемдерінің айырымына тең. CAO_1 және CBO үшбұрыштарының ұқсастығынан мынаны аламыз: $\frac{x}{x-h} = \frac{R_1}{R_2}$, $x = \frac{hR_1}{R_1 - R_2}$, сонда $x - h = \frac{hR_1}{R_1 - R_2} - h = \frac{hR_2}{R_1 - R_2}$. Сонымен, қиық конустың көлемі:

$$V = \frac{1}{3}\pi \cdot R_1^2 x - \frac{1}{3}\pi \cdot R_2^2(x-h) = \frac{1}{3}\pi\left(R_1^2 \cdot \frac{hR_1}{R_1 - R_2} - R_2^2 \cdot \frac{hR_2}{R_1 - R_2}\right) =$$

$$= \frac{1}{3}\pi h\, \frac{R_1^3 - R_2^3}{R_1 - R_2} = \frac{1}{3}\pi h(R_1^2 + R_1 R_2 + R_2^2).$$

1 - е с е п. Радиусы 3 дм-ге тең дөңгелектен бұрышы $\varphi = 300°$ болатын секторды қиып алып, конустық құйғыш жасаған. Осы құйғышқа қанша бүтін литр су сыяды?

Ш е ш у і. Дөңгелектің және конустың табандарының радиустарын, сәйкесінше, R және r деп белгілейік (176-сурет). Сектордың доғасының ұзындығы құйғыштың табан шеңберінің ұзындығына тең екенін ескере отырып, мынаны аламыз: $\frac{\pi R \cdot 300°}{180°} = 2\pi r$, бұдан $r = \frac{5}{6}R = \frac{5}{2}$ (дм). Конустың h биіктігі мен V көлемін табайық:



176-сурет

$$h = \sqrt{R^2 - r^2} = \sqrt{9 - \frac{25}{4}} = \frac{\sqrt{11}}{2};\ V = \frac{1}{3}\pi r^2 h = \frac{25\pi\sqrt{11}}{24}\ (\text{дм}^3) \approx 10{,}85\ (\text{л}).$$

Ж а у а б ы. 10 литр.

2 - е с е п. Қиық конустың l жасаушысы 8 см-ге тең және төменгі табанына $\alpha = 60°$ бұрышпен көлбеген, ал табандарының аудандарының қатынасы 4-ке тең. Осы қиық конустың көлемін 1 см^3-ге дейінгі дәлдікпен табу керек.

Ш е ш у і. R және r – қиық конустың табандарының радиустары, h биіктігі болсын, ал берілген бұрыш $\alpha = 60°$ (177-сурет). Қиық конустың көлемі: $V = \frac{1}{3}\pi h \cdot (R^2 + Rr + r^2)$. Оның BH биіктігін жүргізейік. ΔABH-тан $AH = 4$ см, $BH = 4\sqrt{3}$ аламыз. Есептің шарты бойынша $\frac{\pi R^2}{\pi r^2} = 4$, бұдан $R = 2r$. $AH = R - r$ болғандықтан, $r = 4$ см, $R = 8$ см. Сонда ізделінді көлем:



177-сурет

$$V = \frac{1}{3}\pi \cdot 4\sqrt{3} \cdot (64 + 32 + 16) = \frac{448\pi\sqrt{3}}{3} \approx 813\ (\text{см}^3).$$

Ж а у а б ы. $\approx 813\ \text{см}^3$.

СҰРАҚТАР

1. Конустың көлемінің формуласын жазыңдар.
2. Қиық конустың көлемін қандай формуламен табуға болады?

ЖАТТЫҒУЛАР

А деңгейі

526. Конустың көлемі оның осьтік қимасының ауданы мен табан шеңберінің ұзындығы көбейтіндісінің алтыдан біріне тең болатынын дәлелдеңдер.

527. Табаны 12 см-ге, төбесіндегі бұрышы 120°-қа тең теңбүйірлі үшбұрышты өзінің симметрия осінен айналдырғанда пайда болған айналу денесінің көлемін табыңдар.

528. Конус пішінді ыдыс жасау үшін бұрышы 216°-қа тең сектор қиып алынған. Егер: а) сектордың радиусы 10 см; ә) сектор доғасының ұзындығы 18π дм болса, ыдыстың көлемін табыңдар.

529. Қиық конустың табандарының радиустары 3 дм және 6 дм, ал жасаушысы: а) 5 дм-ге тең; ә) табан жазықтығына 30° бұрышпен көлбеген болса, оның көлемін табыңдар.

530. Биіктігі 27 см-ге, табан шеңберлерінің ұзындықтары 99 см-ге және 33 см-ге тең қиық конус пішінді ыдысқа бүтін санды неше литр су сыяды?

531. Табанының диаметрі 4 дм-ге тең конусқа табанына параллель қима жүргізілген. Қиманың ауданы π дм^2-ге тең. Осы конус пен одан қиылып алынған қиық конустың көлемдерінің қатынасын табыңдар.

532. Толық беттерінің аудандары тең болатын теңқабырғалы конус пен цилиндрдің көлемдерінің қатынасын табыңдар.

533. Қабырғалары 15 см, 41 см және 52 см болатын үшбұрышты үлкен қабырғасынан айналдырғанда шыққан айналу денесінің көлемін табыңдар.

534. Қиық конустың: а) биіктігі 8 см, жасаушысы 10 см, ал бүйір бетінің ауданы 100π см^2; ә) биіктігі 12 см, жасаушысы 13 см, ал осьтік қимасының диагональдары перпендикуляр болса, оның көлемін табыңдар.

В деңгейі

535. Дұрыс тетраэдрге сырттай сызылған конустың көлемінің оған іштей сызылған конустың көлеміне қатынасы неге тең?

536. Табан қабырғасы 6 см-ге, көршілес бүйір қырларының арасындағы бұрышы 45°-қа тең дұрыс төртбұрышты пирамида конусқа іштей сызылған. Конустың көлемін табыңдар.

537. Толық бетінің ауданы 96π дм^2-ге, ал осьтік қимасына іштей сызылған шеңбердің радиусы 3 дм-ге тең конустың көлемін табыңдар.

538. Қиық конустың арасындағы бұрышы 30°-қа тең екі жасаушысы арқылы жүргізілген жазықтық оның табандарынан 2 дм және 1 дм-ге тең хордалар қияды. Осы хордалардың әрқайсысы 150°-қа тең доғаны кереді. Қиық конустың көлемін табыңдар.

С деңгейі

539. Радиусы R-ге тең шарға көлемі ең кіші болатын конус сырттай сызылған. Сол көлемді табыңдар.

540. Ұзындығы 2 м бөрене қиық конус пішінді. Оның табандарының диаметрлері 2 дм және 1 дм-ге тең. Бөренеден көлденең қимасы шаршы болатын ең үлкен көлемді арқалық жасалған. Осы арқалықтың биіктігін табыңдар.

25. Шардың және оның бөліктерінің көлемдері

Тақырыпты оқу барысында:

• шардың, шар сегменті мен секторы көлемдерінің формулаларын білесіңдер;

• шардың, шар сегменті мен секторының және олардың көпжақтармен, дөңгелек денелермен комбинацияларының көлемдерін табуға берілген есептерді шығарасыңдар.

Теорема. **Радиусы R-ге тең шардың V көлемі мына формуламен есептеледі:**

$$V = \frac{4}{3}\pi R^3.$$



178-сурет

Дәлелдеуі. Осы формуланы денелер көлемдерінің $V = \int_a^b S(x)dx$ формуласын пайдаланып, қорытып шығарайық. $S(x)$ – жарты шардың үлкен дөңгелегіне параллель және $OA = R$ радиусына перпендикуляр кез келген жазықтықпен қимасының ауданы, $x = OB$ болсын (178-сурет). Сонда $S(x) = \pi BC^2 = \pi(R^2 - x^2)$ болады.

Жарты шардың көлемі:

$$\frac{1}{2}V = \int_0^R S(x)dx = \int_0^R \pi(R^2 - x^2)dx = \int_0^R \pi R^2 dx - \int_0^R \pi x^2 dx =$$

$$= \pi R^2 \int_0^R dx - \pi \int_0^R x^2 dx = \pi R^2 \cdot x\Big|_0^R - \pi \cdot \frac{x^3}{3}\Big|_0^R = \pi R^3 - \frac{1}{3}\pi R^3 = \frac{2}{3}\pi R^3.$$

Сонда шардың V көлемі $\frac{4}{3}\pi R^3$ болады.



179-сурет

1 - есеп. O нүктесі центрі болатын шардың бетіне $\angle AOB = \angle AOC = \angle BOC = 90°$ болатындай A, B және C нүктелері белгіленген (179-сурет). ABC үшбұрышының периметрі 18 см-ге тең болса, шардың көлемін табу керек.

Шешуі. Тікбұрышты AOB, AOC және BOC үшбұрыштарының теңдігінен $AB = AC = BC = 6$ см болады. ΔBOC-дан $OB = 3\sqrt{2}$ см шығады. Сонда шардың көлемі $V = \frac{4}{3}\pi OB^3 = \frac{4 \cdot 54\sqrt{2}}{3}\pi = 72\pi\sqrt{2}$ (см^3) болады.

Жауабы. $72\pi\sqrt{2}$ см^3.

Дөңес көпжақтың барлық төбелері шардың бетінде жатса, онда ол **шарға іштей сызылған** (немесе шар көпжаққа сырттай сызылған) деп аталады (180-сурет). Дөңес көпжақтың барлық жақтары шарды жанайтын болса, онда ол **шарға сырттай сызылған** (ал шар көпжаққа іштей сызылған) деп аталады (181-сурет). Сфераға іштей сызылған және оған сырттай сызылған көпжақтар ұғымы да осыған ұқсас анықталады.



180-сурет



181-сурет

2 - е с е п. Көлемі V-ға, толық бетінің ауданы S-ке тең көпжаққа іштей сызылған шардың көлемін табу керек.

Ш е ш у і. Радиусы r-ге тең сфераны іштей сызуға болатын көпжақ берілген болсын. Осы көпжақты табандары көпжақтың жақтары, ал олардың ортақ төбесі сфераның центрі болатындай етіп пирамидаларға бөлеміз (182-сурет). Осындай әрбір пирамиданың көлемі көпжақтың жағының ауданын шардың радиусына көбейтіндісінің үштен біріне тең. Сонда сырттай сызылған көпжақтың V көлемі осындай барлық пирамидалардың көлемдерінің қосындысына тең болады, яғни $V = \frac{1}{3} \cdot S \cdot r$, мұндағы S – көпжақтың толық бетінің ауданы. Осыдан $r = \frac{3V}{S}$ шығады, сонда шардың ізделінді көлемі $\frac{4}{3}\pi\left(\frac{3V}{S}\right)^3 = 36\pi\left(\frac{V}{S}\right)^3$ болады.



182-сурет

Ж а у а б ы. $36\pi\left(\frac{V}{S}\right)^3$.

3 - е с е п. Биіктігі h-қа, ал шардың радиусы R-ге тең болатын **шар сегментінің көлемі** $\boldsymbol{V = \pi h^2\left(R - \frac{1}{3}h\right)}$ формуласымен табылатынын дәлелдеу керек.

Д ә л е л д е у і. Сегменттің табан жазықтығына перпендикуляр Ox осін жүргіземіз (183-сурет), сегменттің биіктігі $h = BO_1$. Сонда осы сегменттің

Ox осіне перпендикуляр кез келген жазықтықпен қимасының $S(x)$ ауданы: $S(x) = \pi(R^2 - x^2)$, мұндағы $R - h \le x \le R$. Денелердің көлемдерін табу формуласын қолданып, мынаны аламыз:

$$V = \int_{R-h}^{R} S(x)dx = \int_{R-h}^{R} \pi(R^2 - x^2)dx = \pi R^2 \cdot x\Big|_{R-h}^{R} - \pi \cdot \frac{x^3}{3}\Big|_{R-h}^{R} = \pi h^2\left(R - \frac{1}{3}h\right).$$

Дәлелдеу керегі де осы еді.



183-сурет



184-сурет

Шардың секторы деп шардың сфералық сегментпен және төбесі шардың центрі болатын конустың бүйір бетімен шектелген бөлігі болатын дене аталады. Жарты шарда жататын шардың секторы табандары ортақ конус пен шар сегментінің бірігуінен тұрады (184-сурет). Шар секторының биіктігі деп оған сәйкес келетін шар сегментінің биіктігі аталады, ал оның радиусы шардың радиусы болады.

4 - е с е п. Жарты шарда жататын шар секторының көлемі: $\boldsymbol{V_{\text{сект.}} = \frac{2}{3}\pi R^2 h}$ болатынын дәлелдеу керек, мұндағы R – шардың радиусы, h – сектордың биіктігі.

Шардың секторы тұратын шар сегменті мен конустың көлемдерінің қосындысын табу арқылы дәлелдеуді өздігінен жүргізіңдер.

Шардың қабаты деп шардың екі параллель қиюшы жазықтықтарының арасындағы дене аталады. Осы жазықтықтардың арақашықтығы шар қабатының биіктігі деп, ал шардың қималары болатын дөңгелектер оның табандары деп аталады.

5 - е с е п. Шардың диаметрі бойымен бұрғыланып ұңғы тесілген (185-сурет). Шардың кесілген жазық бөліктерінің арақашықтығы 6 см-ге тең болса, оның қалған бөлігінің көлемін табу керек.

Ш е ш у і. Ізделінді көлем V-ны табу үшін шардың көлемінен екі өзара тең шар сегменттері мен цилиндрдің көлемдерінің қосындысын азайту керек. Сегменттің биіктігін h, шардың радиусын R және цилиндр табанының радиусын r деп белгілейміз. Сонда $h = R - 3$, $r^2 = R^2 - 9$, сегменттің көлемі: $V_{\text{сегм.}} = \pi h^2\left(R - \frac{h}{3}\right) =$ $= \pi(R - 3)^2 \cdot \left(R - \frac{R-3}{3}\right) = \pi(R^2 - 6R + 9)\left(\frac{2}{3}R + 1\right)$,



185-сурет

цилиндрдің көлемі: $V_{\text{цил.}} = 6\pi(R^2 - 9)$. Ізделінді көлем:

$$V = \frac{4}{3}\pi R^3 - 2\pi(R^2 - 6R + 9)\left(\frac{2}{3}R + 1\right) - 6\pi(R^2 - 9) = 36\pi \text{ (см}^3\text{)}.$$

Ж а у а б ы. 36π см^3.

Есепті жалпы түрде шығарғанда, жауабы $\frac{\pi H^3}{6}$ болады, мұндағы H – цилиндрдің биіктігі, яғни мұндай дененің көлемі шардың радиусына және цилиндрдің табанының радиусына тәуелді болмайды (бұған өздігінен көз жеткізіңдер).

СҰРАҚТАР

1. Шардың көлемін қандай формуламен табуға болады? Неліктен шардың көлемі оның бетінің ауданын шардың радиусына көбейтіндісінің үштен біріне тең болатынын түсіндіріңдер.

2. Шардың сегменті мен секторы көлемдерінің формулаларын жазыңдар және оларды сызбада салып көрсетіңдер.

ЖАТТЫҒУЛАР

А деңгейі

541. Шардың диаметрін 2 есе үлкейтсе, оның көлемі неше есе артады?

542. Радиустары 2 см-ге және 3 см-ге тең екі шарды балқытып, бір шар алды. Осы шардың радиусын табыңдар.

543. Бетінің ауданы 9π дм^2-ге тең шардың көлемін табыңдар.

544. а) Шардың жазықтықпен қимасының ауданы оның бетінің ауданынан 9 есе кем. Қиманың радиусы 2 см-ге тең болса, шардың көлемін табыңдар.

ә) Үлкен дөңгелегінің ауданы $\frac{9\pi}{16}$ см^2-ге тең шардың көлемін табыңдар.

545. Бұрышы 90°-қа тең AOB секторын OA радиусынан айналдырған. Сектордың радиусы $\frac{3}{4}$ дм-ге тең болса, айналу денесінің көлемін табыңдар.

546. Төрт шардың радиустары арифметикалық прогрессияны құрайды, оның бірінші мүшесі 12-ге, ал айырымы 4-ке тең. Ең үлкен шардың көлемі мен қалған шарлардың көлемдерінің қосындысын салыстырыңдар.

547. Радиусын 1 дм-ге үлкейткенде бетінің ауданы 20π дм^2-ге артатын шардың көлемін табыңдар.

548. а) Дұрыс үшбұрышты призма шарға іштей сызылған. Призманың табанының қабырғасы 3 см-ге, ал биіктігі $2\sqrt{6}$ см-ге тең. Шардың көлемін табыңдар.

ә) Өлшемдері 2 дм, 3 дм және 6 дм болатын тікбұрышты параллелепипедке сырттай сызылған шардың көлемін табыңдар.

549. а) Алюминийден жасалған шардың массасы $93{,}6\pi$ грамм. Алюминийдің тығыздығы 2,6 г/см^3 екені белгілі болса, шардың радиусын табыңдар.

ә) Қорғасыннан құйылған шардың массасы 0,5 кг. Осы шардың диаметрін 0,1 см-ге дейінгі дәлдікпен табыңдар. (Қорғасынның тығыздығы 11,4 г/см^3.)

550. а) Жасаушысы 1 м-ге тең теңқабырғалы конусқа іштей сызылған шардың көлемін 0,01 м^3-ге дейінгі дәлдікпен табыңдар.

ә) Радиусы 3 дм шарға көлемі шардың көлемінің 25 %-на тең конус іштей сызылған. Конустың биіктігін табыңдар.

551. Егер: а) шар секторының осьтік қимасының доғасы 120°-қа, ал оны керетін хорда $4\sqrt{3}$ см-ге тең болса;

ә) табан шеңберінің ұзындығы 18π см-ге, ал шардың радиусы 15 см-ге тең болса, шар секторының көлемін табыңдар.

552. а) Егер сегменттің табаны шардың центрінен 2 см қашықтықта жатса, ал шардың радиусы 5 см болса, шар сегментінің көлемін табыңдар.

ә) Шар радиусының ұшы арқылы жүргізілген және онымен 60° бұрыш жасайтын жазықтық жарты шардан сегмент қияды. Шардың радиусы 2 дм-ге тең болса, сегменттің көлемін табыңдар.

553. Шардың 20 см-ге тең диаметрі үш бөлікке бөлінген, олардың қатынасы 1 : 4 : 5. Бөлу нүктелерінен диаметрге перпендикуляр жазықтықтар жүргізілген. Пайда болған шар қабатының көлемін табыңдар.

В деңгейі

554. Белгілі бір деңгейге дейін толтырылған цилиндр ыдысқа әрқайсысының радиусы 5 мм-ге тең 4 металл шар салынған. Ыдыстың табанының диаметрі 2,5 см-ге тең болса, ыдыстағы судың деңгейі неше миллиметрге көтерілді? Жауабын 0,1 мм-ге дейінгі дәлдікпен беріңдер.

555. Табан қабырғалары 29 см, 35 см және 48 см болатын үшбұрышты тік призма шарға сырттай сызылған. Шардың көлемін табыңдар.

556. а) Шар секторының радиусы 3 дм-ге, ал осьтік қимасындағы екі радиустың арасындағы бұрышы 120°-қа тең болса, оның көлемін табыңдар.

ә) Егер сектордың осьтік қимасының ауданы шардың үлкен дөңгелегінің ауданынан 3 есе кем болса, шар секторы көлемінің шардың көлеміне қатынасын табыңдар.

557. Шардың диаметрі үш тең бөлікке бөлінген және бөлу нүктелерінен диаметрге перпендикуляр жазықтықтар жүргізілген. Пайда болған шар қабатының көлемін екі шар сегменті көлемдерінің қосындысымен салыстырыңдар.

С деңгейі

558. Шарға іштей сызылған тік призманың табаны – үшбұрыш, оның екі қабырғасы 4 дм және 14 дм-ге, ал олардың арасындағы бұрышы 60°-қа тең. Призманың көлемі 168 дм^3-ге тең. Шардың бетінің ауданын табыңдар.

559. Шарға іштей дұрыс төртбұрышты пирамида сызылған, оның диагональдық қимасының ауданы $3\sqrt{3}$ дм^2-ге тең. Пирамиданың бүйір қыры табанының диагоналіне тең болса, шардың көлемін табыңдар.

560. Жасаушысы табанының радиусынан 3 есе үлкен конустың ішіне екі шар орналастырылған, олардың біреуі конусқа іштей сызылған, ал екіншісі біріншімен және конустың бүйір бетімен жанасады. Бірінші және екінші шардың көлемдерінің қатынасын табыңдар.

26. «Денелердің көлемдері» бөлімін қайталауға арналған жаттығулар

А деңгейі

561. Тікбұрышты параллелепипедтің: а) табан қабырғалары 9 м және 16 м-ге, ал бүйір жақтарының диагональдары ұзындықтарының қатынасы 0,75-ке тең болса; ә) табанының периметрі 72 дм-ге, ал бүйір жақтарының диагональдары 25 дм-ге және 29 дм-ге тең болса, параллелепипедтің көлемін табыңдар.

562. $ABCA_1B_1C_1$ тік призмасының табан қабырғалары $AC = 2$ см, $BC = 2\sqrt{7}$ см, AA_1 қырындағы екіжақты бұрышы 150°, $AM = \sqrt{7}$ см, мұндағы M – B_1C_1 қырының ортасы. Призманың көлемін табыңдар.

563. Призманың табаны – дұрыс алтыбұрыш, оның қабырғасы a-ға тең. Призманың бүйір қыры табан жазықтығына α бұрышпен көлбеген, ал оның табан жазықтығындағы ортогональ проекциясы призманың табанына сырттай сызылған шеңбердің радиусына тең. Призманың көлемін табыңдар.

564. Төртбұрышты көлбеу призманың бүйір қыры 6 дм-ге тең, ал оның перпендикуляр қимасы – диагональдары 4 дм және 3 дм болатын ромб. Призманың көлемін табыңдар.

565. Қыры 9 см-ге тең $ABCDA_1B_1C_1D_1$ кубынан үшбұрышты C_1A_1BD пирамидасын қиып алған. Осы пирамиданың көлемін табыңдар.

566. Төртбұрышты $PABCD$ пирамидасының табаны – $ABCD$ параллелограмы, әрі $AB = BP = 1$ дм, $PD = 2$ дм, $\angle ABD = \angle BPD = 90°$. Пирамиданың биіктігінің табаны BD кесіндісіне тиісті болса, оның көлемін табыңдар.

567. Табандарының аудандары 289 $см^2$ және 100 $см^2$ болатын n-бұрышты қиық пирамиданы толықтырғанда шыққан пирамиданың биіктігі 9 см-ге тең. Қиық пирамиданың көлемін табыңдар.

568. Цилиндрдің төменгі табанының центрі арқылы өтетін жазықтық оған 60° бұрышпен көлбеген. Осы жазықтық цилиндрдің жоғарғы табанын 90°-қа тең доғаны керетін, 10 см-ге тең хорда бойымен қияды. Цилиндрдің көлемін табыңдар.

569. Қаңылтырдан радиусы 18 см, доғасы 240° болатын дөңгелек сектор қиып алынып, оны конустық бетке орады. Оның көлемін табыңдар.

570. Дұрыс үшбұрышты пирамидаға сырттай шар сызылған. Пирамиданың биіктігі 5,76 см-ге, ал бүйір қыры 7,2 см-ге тең болса, шардың көлемін табыңдар.

В деңгейі

571. $ABCA_1B_1C_1$ тік призмасының табаны – теңбүйірлі ABC үшбұрышы, онда $AB = AC = b$, $\angle A = \alpha$. Призманың BB_1C_1C бүйір жағы – шаршы. Призманың көлемін табыңдар.

572. Призманың бүйір қырына перпендикуляр қимасына іштей шеңбер сызуға болса, онда мұндай призманың көлемі осы шеңбердің радиусын призманың бүйір бетінің ауданына көбейтіндісінің жартысына тең болатынын дәлелдеңдер.

573. Қабырғасы 3 дм-ге тең дұрыс алтыбұрыштың бұрыштарынан 186-суретте көрсетілгендей тең төртбұрыштар қиып алып, көлемі 9 $дм^3$ болатын дұрыс алтыбұрышты призма пішінді ашық қорап жасау керек. Осындай қораптың биіктігі қандай болады?



186-сурет

574. Сыйымдылығы 50 $м^3$ цистерна цилиндр мен екі тең шар сегментінен тұратын дене пішінді. Цилиндрдің табанының диаметрі 3 м-ге, ал сегменттің биіктігі 0,57 м-ге тең болса, цилиндрдің жасаушысының ұзындығын 0,01 м-ге дейінгі дәлдікпен табыңдар.

С деңгейі

575. $ABCA_1B_1C_1$ тік призмасында $AB = 10$ см, $BC = 24$ см, $AC = 26$ см, ал ΔAB_1C_1-дің ауданы 180 $см^2$-ге тең. $B_1A_1ACC_1$ пирамидасының көлемін табыңдар.

576. Дұрыс төртбұрышты пирамида берілген. а) Пирамиданың көлемі 4 $дм^3$-ге тең болса, оның бүйір бетінің ең кіші ауданын; ә) пирамиданың бүйір бетінің ауданы 36 $см^2$-ге тең болса, оның ең үлкен көлемін табыңдар.

577. Шарға сырттай сызылған цилиндрдің, конустың, қиық конустың көлемдері олардың толық беттерінің аудандарын шардың радиусына көбейтіндісінің үштен біріне тең болатынын дәлелдеңдер.

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР!

Дұрыс жауабын таңдаңдар

578. Кубтың әрбір қырын 2 см-ге ұзартса, онда жаңа кубтың көлемі бастапқы кубтың көлемінен 98 $см^3$-ге артады. Бастапқы кубтың көлемі неге тең?

1) 30 $см^3$; 2) 27 $см^3$; 3) 24 $см^3$; 4) 49 $см^3$; 5) 36 $см^3$.

579. Табаны шаршы болатын тікбұрышты параллелепипедтің диагоналі 3,5 м-ге, ал оның бүйір жағының диагоналі 2,5 м-ге тең. Параллелепипедтің көлемі неге тең?

1) 4 $м^3$;
2) 6 $м^3$;
3) 3,5 $м^3$;
4) 2,5 $м^3$;
5) 3 $м^3$.

580. Тік параллелепипедтің табан қабырғалары 8 дм-ге және 17 дм-ге, ал олардың арасындағы бұрышы 30°-қа тең. Параллелепипедтің бүйір бетінің ауданы 1 $м^2$-ге тең. Параллелепипедтің көлемі неге тең?

1) 136 $дм^3$;
2) 148 $дм^3$;
3) 1,5 $м^3$;
4) 1,6 $м^3$;
5) 2 $м^3$.

581. Көлбеу призманың барлық бүйір қырларын қиятын және оларға перпендикуляр болатын қимасы жүргізілген. Қиманың ауданы 1 $дм^2$-ге, ал бүйір қыры 1 м-ге тең. Призманың көлемі неге тең?

1) 100 $дм^3$;
2) 10 $дм^3$;
3) 1000 $дм^3$;
4) 0,1 $м^3$;
5) 0,001 $м^3$.

582. Параллелепипедтің жақтары – тең ромбылар, ромбының қабырғасы 10 см-ге, сүйір бұрышы 60°-қа тең. Параллелепипедтің көлемі неге тең?

1) 700 $см^3$;
2) 1000 $см^3$;
3) $250\sqrt{2}$ $см^3$;
4) $0,5\sqrt{3}$ $дм^3$;
5) $0,5\sqrt{2}$ $дм^3$.

583. Төртбұрышты тік призманың биіктігі 4 см-ге тең, ал оның диагональдары табан жазықтығына 30° және 45° бұрышпен көлбеген. Табан диагональдарының арасындағы сүйір бұрышы 60°-қа тең. Призманың көлемі неге тең?

1) 48 $см^3$;
2) 36 $см^3$;
3) 24 $см^3$;
4) 64 $см^3$;
5) $24\sqrt{3}$ $см^3$.

584. Дұрыс тетраэдрдің қыры 6 м-ге тең. Оның көлемі неге тең?

1) 24 $м^3$;
2) $18\sqrt{2}$ $м^3$;
3) $24\sqrt{2}$ $м^3$;
4) $24\sqrt{3}$ $м^3$;
5) 25 $м^3$.

585. Пирамиданың табаны – қабырғалары 6 см, 6 см және 8 см болатын теңбүйірлі үшбұрыш. Пирамиданың әр бүйір қыры 9 см-ге тең. Пирамиданың көлемі неге тең?

1) $\frac{8}{9}\sqrt{3245}$ см^3;
2) $\frac{8}{3}\sqrt{3245}$ см^3;
3) $\frac{16}{3}\sqrt{95}$ см^3;
4) 114 см^3;
5) 48 см^3.

586. Дұрыс алтыбұрышты пирамиданың табан қабырғасы 2 дм-ге, ал табаны мен бүйір жағының арасындағы екіжақты бұрышы 45°-қа тең. Пирамиданың көлемі неге тең?

1) 8 дм^3;
2) 10 дм^3;
3) 6 дм^3;
4) $4\sqrt{2}$ дм^3;
5) $6\sqrt{2}$ дм^3.

587. Пирамиданың табаны – үшбұрыш, оның екі бұрышы 15° және 75°, ал оған сырттай сызылған шеңбердің радиусы 3 м-ге тең. Пирамиданың бүйір қырлары табан жазықтығына 45° бұрышпен көлбеген. Пирамиданың көлемі неге тең?

1) 9 м^3;
2) 10 м^3;
3) 5 м^3;
4) 4,5 м^3;
5) $3\sqrt{3}$ м^3.

588. Үшбұрышты дұрыс қиық пирамиданың табандарының қабырғалары 12 см-ге және 10 см-ге, ал төменгі табан қырындағы екіжақты бұрышы 45°-қа тең. Пирамиданың көлемі неге тең?

1) $121\frac{1}{3}$ см^3;
2) 91 см^3;
3) $60\frac{2}{3}$ см^3;
4) 45,5 см^3;
5) $30\frac{1}{3}$ см^3.

589. Төртбұрышты дұрыс қиық пирамиданың табандарының қабырғалары $5\sqrt{2}$-ге және $2\sqrt{2}$-ге тең, ал оның бүйір қыры табанына 60° бұрышпен көлбеген. Осы пирамиданың көлемі неге тең?

1) $78\sqrt{3}$;
2) $58\sqrt{3}+50\sqrt{6}$;
3) $234\sqrt{3}$;
4) $\frac{78\sqrt{3}}{3}$;
5) $80\sqrt{3}$.

590. Көлемі 36 $см^3$-ге тең цилиндрдің биіктігін 3 есе үлкейтіп, ал табан радиусын 3 есе кішірейткен. Сонда шыққан цилиндрдің көлемі неге тең?

1) 36 $см^3$;
2) 24 $см^3$;
3) 12 $см^3$;
4) 18 $см^3$;
5) 6 $см^3$.

591. Конустың 2 м-ге тең жасаушысы оның табан жазықтығымен 30° бұрыш жасайды. Конустың көлемі неге тең?

1) 2π $м^3$;
2) π $м^3$;
3) 3π $м^3$;
4) $1,5\pi$ $м^3$;
5) $\sqrt{3}\pi$ $м^3$.

592. Екі шардың беттерінің аудандарының қатынасы 4 : 9 қатынасындай. Олардың көлемдерінің қатынасы қандай?

1) 8 : 27;
2) 4 : 9;
3) 16 : 81;
4) 64 : 729;
5) 8 : 18.

593. Табанының радиусы 2 дм-ге тең конусқа оның табанына параллель қимасы салынған. Қиманың ауданы π $дм^2$-ге тең. Берілген конустың және пайда болған қиық конустың көлемдерінің қатынасы неге тең?

1) 1,5;
2) 2,5;
3) 1,25;
4) $\frac{8}{3}$;
5) $\frac{8}{7}$.

594. Көлемі 27π $дм^3$ болатын ыдыс цилиндрмен толықтырылған жарты шар пішінді. Жарты шардың радиусы 3 дм-ге тең. Цилиндрдің биіктігі неге тең?

1) 2 дм;
2) 1,5 дм;
3) 0,5 дм;
4) 1 дм;
5) $\sqrt{\pi}$ дм.

595. Радиусы 3 дм-ге тең шарға іштей конус сызылған, оның жасаушысы мен биіктігінің арасындағы бұрыш 60°-қа тең. Осы конустың көлемі неге тең?

1) 3π $дм^3$;
2) 4π $дм^3$;
3) $\frac{27\pi}{8}$ $дм^3$;
4) $\frac{29\pi}{9}$ $дм^3$;
5) $3,5\pi$ $дм^3$.

Жаттығуларды орындаңдар

596. Қырлары 3,4 дм-ге және 1,4 дм-ге тең екі металл кубты балқытып, бір куб жасаған. Осы кубтың қырының ұзындығын 3,5 дм-мен салыстырыңдар.

597. Үшбұрышты дұрыс призманың көлемі $20\sqrt{3}$ см^3-ге тең. Призманың табанына сырттай сызылған шеңбердің радиусы $\frac{4\sqrt{3}}{3}$ см. Призманың биіктігін табыңдар.

598. Көлбеу параллелепипедтің табаны мен бүйір жағы – тіктөртбұрыштар, олардың аудандары, сәйкесінше, 20 дм^2-ге және 24 дм^2-ге, ал олардың жазықтықтарының арасындағы бұрыш 30°-қа тең. Параллелепипедтің басқа бүйір жағының ауданы 15 дм^2-ге тең болса, оның көлемін табыңдар.

599. Қаңылтырдан радиусы 18 см-ге, доғасы 240°-қа тең сектор қиып алынып, конустық құйғыш жасаған. Осы құйғышқа бүтін санды неше литр су сыяды?

600. Табандары $\sqrt{3}$ дм-ге және $4\sqrt{3}$ дм-ге тең тікбұрышты трапецияны оның кіші бүйір қабырғасынан айналдырған. Трапецияның үлкен бүйір қабырғасы оның кіші табанымен 150° бұрыш жасайтын болса, айналу денесінің көлемін табыңдар.

601. Үшбұрышты дұрыс призмаға сырттай цилиндр сызылған. Призманың биіктігі 8 см-ге, ал бүйір жағының диагоналі 10 см-ге тең. Цилиндрдің көлемін табыңдар.

602. Биіктігі табанының диаметріне тең ағаш цилиндрден радиусы ең үлкен болатын шар жонып алынды. Ағаштың неше пайызы жонылып қалды?

БҰЛ ҚЫЗЫҚТЫ!

Тарихи деректер бойынша пирамида мен конустың көлемдерінің формулаларын алғаш рет ежелгі грек ғалымы Демокрит Абдерский (б. д. д. 460–380 жж.) тапқан.

Евклидтің «Негіздерінің» XII кітабында биіктіктері тең, табандары тең шамалы үшбұрышты пирамидалардың тең шамалы болатыны туралы тұжырымның дәлелдеуі келтірілген. Ежелгі Грекияда денелердің көлемдерінің толық теориясын Архимед ұсынған болатын.

Демокрит Абдерский

Бонавентура Кавальери

Көлемдер теориясының дамуына итальяндық ғалым Б. Кавальери (1598–1647) үлкен үлес қосты. Оны денелердің көлемдерін интегралды қолданып есептеу туралы ой қатты қызықтырды.

1. Ғаламторды пайдаланып, денелердің көлемдерін табуға арналған «Кавальери принципі» неде екенін біліңдер.

2. Архимедтің есептерін шығарыңдар:

а) көлемі табанының радиусы r-ге, ал биіктігі h-қа тең конустың көлеміне тең болатын шардың радиусын табыңдар;

ә) табаны шардың үлкен дөңгелегіне, ал биіктігі оның диаметріне тең цилиндрдің көлемі шардың көлемінің $\frac{3}{2}$-іне тең болатынын дәлелдеңдер.

10–11-СЫНЫПТАРДАҒЫ ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫН ҚАЙТАЛАУ

А деңгейі

603. Дұрыс n-бұрыштың қабырғасы арқылы жазықтық жүргізілген. а) $n = 3$; ә) $n = 6$ болса, n-бұрыштың осы жазықтыққа параллель қабырғасы табыла ма? Жауабын түсіндіріңдер.

604. Кез келген екі жазықтыққа параллель түзу жүргізуге бола ма?

